

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№9-10 (7899)

Жұма
24 ақпан
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа

өсуі шамамен 13%-ды құрап, еліміздегі барлық 2 млн. зейнеткерді қамтиды.

Ұсынылып отырған паралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27%-ға өсіруге (3 жыл ішінде – 109 мыңнан 138 мың теңгеге дейін) және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, қарт адамдар арасында кедейліктің өсуіне жол

жарты миллионға дейін ата-ана пайдаланатын болады. Оған қоса, бала күтімі бойынша жәрдемақы алуға үміткер әрбір ата-ана оның әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, төлем мөлшері соғұрлым жоғары болатынын білуге тиіс. Төлем бүгінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жүргізілген табыстың 40%-ын құрайды. Ал, жұмыс істемейтін немесе бала туғанға дейінгі соңғы екі жылда

Жолдау болашақты айқындайды

паралар ұсынды. Оның ішінде көпшіліктің қуана қабылдаған тұсы – әйелдердің зейнеткерлікке 61 жаста шығатыны. Демек, үстіміздегі жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын жоспар бойынша арттыру 61 жас деңгейінде 5 жылға дейін тоқтатылады.

Биылдан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-нан 70%-на дейін, ең жоғарғысын 100%-дан 120%-ға дейін кезек-кезеңімен жеткізуді де көтерді. Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51%-ға дейін артатын болады. Бұл ретте, базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы

бермеу үшін жұмыстар жалғасады.

Бүгінгі таңда балалы отбасыларды қолдаудың қолданыстағы моделі мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдердің 6 түрін қамтиды. Жаңа Әлеуметтік кодекстің жобасында да осы қолдау шараларының барлығы толық сақталған. Дегенмен, балалы отбасының жекелеген санаттарын қолдаудың қолданыстағы шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар жаңалықтар енгізілуде.

Ең негізгілерінің бірі – бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін бір жарым жасқа дейін ұлғайту. Осы ретте, аталған норма жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылады. Бұл құқықты республика көлемінде

6 айдан кем жұмыс өтілі бар ата-аналар жәрдемақы мен төлемдерге тек мемлекеттік бюджеттен ғана үміткер бола алады.

Екіншіден, бала күтімін атқаратын ата-ана еңбек қызметін қайта бастаған жағдайда, бала күтіміне төленетін жәрдем-ақы тоқтатылуы қажет. Жаңа Әлеуметтік кодекс жобасы бойынша осы санаттағы отбасыларды қолдау үшін төлемдер тоқтатылмайды және республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшеріне сәйкес төленеді.

М.Қазыбекова,
Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И
МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ел тілегі ескерусіз қалмайды

Ақпан айының 21-інші жұлдызында аудан әкімі Руслан Кенжебеков, кезекті есеп беру жиналысын Айыртас ауылдық

Айыртас ауылдық округінің әкімі Қанат Бакиров, өткен жылы ауылда атқарылған жұмыстар және алда тұрған міндеттер



округінде өткізді.

Аудан орталығынан шалғайда жатқан ауыл тұрғындарымен жүздесуге өңір басшысымен бірге аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме-бөлім басшылары қатысты.

туралы шағын баяндама жасады. Баяндамадан соң өңір басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде айтып өтіп, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Ауыл халқының тарапынан көтерілген электр энергиясы, жол, ауыз су, білім мен денсаулық, мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер сияқты бірқатар мәселелерге тиісті сала басшылары жан-жақты жауап беріп, алдағы міндеттер сараланды.

Мұнан соң аудан басшысы Қусақ ауылдық округіне келіп, Шұбартаудың тұрғындарымен кездесті. Ауыл әкімі Дархан

Мұқатайдың жыл көлемінде атқарылған жұмыстарына құлақ түрді. Дархан Серікұлының ақпарына оң баға берген аудан



басшысы сөз тізгіндеп, ауданымызда атқарылған жұмыстар легін баяндады. Ауылдық округте үнемі көтеріліп келе жатқан электр энергиясы, Нарманбет-Шұбартау бағытындағы көтерме жолдың сапасы, мектеп сыртын қаптау, дәрігер маманының жоқтығы сияқты тұрғындар тарапынан мәселелер көтерілді. Айтылған ұсыныс-пікірлердің маңыздылығын ескере келе, Руслан Айтықенұлы кезек күттірмейтін шаралардың жыл көлемінде атқарылатынын жеткізді. Тұрғындармен кездесуден кейін аудан әкімі маңызы бар әлеуметтік нысандарды аралап, көнеңің көзіндей болған алтын құрсақты ана Шалқарбаева Майкен апаның шаңырағына арнайы барып қайтты. Сексеннің сеңгіріне сергек пыққан ақ жаулықты ананың хал-жағдайын біліп, абыз ананың батасын алып, алғысын алды.

Аймақ басшысының аудан (Жалғасы 2-бетте).

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

(Соңы. Басы 1-бетте).

тұрғындарының алдындағы есеп беру жиыны 22 ақпан күні Абай ауылында жалғасын тапты. Бірінші кезекте Абай ауылындағы негізгі мектепке барып, білім ордасының хал-ахуалымен танысып, ұстаздардың уәжіне құлақ түрді. Соңғы рет 2008 жылы күрделі жөндеуден өткен аталмыш мектеп, жөндеуді және де жылжу қазандығы мен мұржасын да ауыстыруды қажет етеді.

Бұдан кейін өңір басшысы кейінгі жылы бой көтерген мал сою пунктіне



барып, не себепті жұмысы кідіріп тұрғанын анықтады.

Осылайша, бірнеше әлеуметтік нысанды аралап, ауыл әкімдігіндегі мәжіліс залында жергілікті тұрғындармен жүздесті. Жиынды Абай ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Ө.Сатыбалдина ашып, былтырғы жыл көлемінде атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Бұдан кейін Руслан Айтықенұлы алда тұрған атқарылуы тиіс міндеттер мен жоспарларымен бөлісті. Жиын еркін бағытта өрісіп, сұрақ-жауапқа ұласты. Шараға қатысқан паруа қожалығы жетекшілері қазіргі уақытта жиі талқыға түсіп жатқан жеңілдетілген несие жөнінде бірнеше сауал жолдады. Тиісінше осы салаға қатысты мамандардан нақты жауап алды. Сондай-ақ, күні бүгінге дейін өзектілігін жоймаған жол сапасы жөнінде сөз қозғалды. Жұртшылықтың талап-тілегін тыңдаған аудан әкімі, көтерілген мәселелердің тікелей назарында болып, тиісті шара қабылдайтынын жеткізді.

Халық алдындағы аудан әкімінің есебі Нарманбет ауылында болып өтті. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысына хабар берген Руслан Айтықенұлы сөз кезегін ауыл тұрғындарына берді. Ауыл тұрғындары жол, электр энергиясы секілді аудан халқының бәріне ортақ мәселелерді көтерді. Сондай-ақ, Қарасу ауылындағы ауыз су мәселесі мен көктемгі су тасқынының алдын алу жөнінде сөз қозғалды. Жоғарыда көтерілген барша



мәселе жөнінде тиісті сала басшылары жауап қатты.

Есептік кездесуді өткерген өңір басшысы ауылдағы фельдшерлік пунктте болып, күрделі жағдайға тап болып, жұмысы тоқтап тұрған клуб үйінің ахуалымен танысты. Барлық нысанды аралап, «Алтын алқа» иегері Шәкіжанова Мырзабала апаның шаңырағында болып, батасын алды.

23 ақпан күні өңір басшысы Руслан Кенжебеков Нүркен ауылдық округінде болды. Батыр атындағы білім ұясына бас сұғып, аудан көлеміндегі үздік мектептердің көпін бастап тұрған білім ұясының ұстаздар қауымымен және оқушыларымен кездесті. Техникалық базасынан бөлек, ұстаздардың ұйытқы болуымен мектептің әр бұрышынан орын тепкен көрнектіліктер көрген жанның көзін тартады. Өзге ауылдық округтерде кездеспейтін ағаш бұйымдарын өзірлейтін бірден-бір цех бар. Аталмыш өнеркәсіп ошағы бір Нүркен ауылын ғана емес, сонымен қатар, тапсырыс түскеніне қарай өзге ауылдарды да ағаш бұйымдармен қамтып отыр.

Мектептің жай-күйімен танысып пыққан Руслан Айтықенұлы, тыл ардагері Н.Жақыпбеков пен «Алтын алқа» иегері Л.Ахатованың шаңырағына ат басын тіреді. Кеудесі көмбе қариялар арнайы сәлем бере келген аудан әкіміне шын жүректен ризашылық білдіріп, риясыз көңілмен алғыс айтып, бата берді.

Осылайша, ауылдың әлеуметтік ахуалына қысқаша көз жүгіртіп өткен өңір басшысы мәдениет үйінде есептік жиынын өткізді. Жиын басы ауыл әкімі Ж.Құдайбергеновтің былтырғы жылдың қорытынды есебінен басталды. Әкім ақпарынан кейін тұрғындарға сөз кезегі беріліп, сұрақ-жауап алмасты. Тұтас ауданға төн электр энергиясы, жол сапасы және мектептегі бала саны азаюы сияқты мәселелерді көтерді. Сондай-ақ, қысқы мал азығын өзірлеп, көпжылдық шөп егуге ынталы азамат өзінің бастамасына ауыл шаруашылығы бөлімінің тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілсе деген ниетін де білдіріп өтті. Жиын соңында аудан әкімі Руслан Кенжебеков көтерілген барлық түйткіл сұрақтар өзінің жеке бақылауында болатынын тұрғындарға жеткізіп, тиісті жұмыстар ұйымдастырылатынын атап өтті.

Бұл күні аудан әкімі Руслан Кенжебековтің кезекті кездесуі Сарытерек



ауылдық округінде жалғасты. Сапалы білім – ұлт болашағының негізгі басым бағыттарының ұшар басында тұрғаны белгілі. Сол себепті өңір басшысы қай уақытта да жер-жердегі мектептердің жай-күйі мен ұстаздардың талап-тілегіне әрдайым көңіл бөліп келеді. Осы сапарда да Руслан Айтықенұлы Ж.Кеңесбаев атындағы мектепте болды. Әр сыныпқа барып, оқытушылардың білім беру барысын, мектептің техникалық базасының сапасын көріп қайтты. Сонымен қатар, заманның талабына сай «гидропоника», «робототехника» бөлімімен танысты. Бұл арада ғылымға иек арта отырып, заманауи технологияның көмегімен арпа дақылын егіп, төтті, ащы бұрыш өсіруді тәжірибеден өткізуде. Сондай-ақ, озық ойлы жастар жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, жасанды интеллект құрып, түрлі байқауларда бағын сынап жүргені қуантады.

Аудан әкімі қапан да қазынаға пара-пар қарттарды дөріштеп жүреді. Осы жолы да аудан басшысы ауылдың жасы үлкен, көненің көзіндей болған ардақты ана К.Әбілқасымоваға арнайы барып, сәлем берді. Бұдан кейін Сарытерек ауылдық мәдениет үйінде есептік жиын өтті. Ауылдық округ әкімі Қ.Серкебаевтың есебінен соң, тұрғындар белсенділік танытып, өз көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, сала басшыларынан тұщымды жауап алды. Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Қ.Рысбеков, Балқаш-Ақтоғай-Қарағанды бағытында жолаушы тасымалдаушы автобус қатынассыз, қымбатшылық туралы сұрақтарын қойса, басқа да тұрғындар Жетімшөкі



ауылындағы ауыз су мәселесі, жер, көше жарықтары, мемлекет тарапынан берілетін гранттарды тиімді пайдалану сияқты бірқатар өтініштерін білдірді.

Аталмыш жиынға облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары А.Ахметжанов арнайы қатысып, көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары бойынша бірнеше ұсыныс, ескертпелерін жасап, сұрақтарға жауап берді.

Есеп жиналысынан соң қауіпті аймақ деп табылатын Тоқырауын өзенінің табанына көз жүгіртіп, алда атқарылуы тиіс шараларды талқылады. Бұдан өрі өңір басшысы жеке кәсіпкер Ғ.Төлепбергеновтің жөндеуден өткізіп жатқан ескі ғимараттың жұмысымен танысты. Болашақта бұл нысанға тойхана, наубайхана, әлеуметтік дүкен ашып, тұрғындардың пайдалануына бермек. Алдағы уақытта кәсіпкерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілу керектігін жеткізіп, жұмысына сәттілік тіледі.

Е.Айтжан

Қарағанды облысы мәслихатының депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Қарағанды облысы мәслихатының депутаттығына үміткер **Абжанов Нұрлан Аманұлының** өмірбаяны



Абжанов Нұрлан Аманұлы Шет ауданында туып-өскен. 1995 жылы Жезқазған педагогика институтын бітірген. Еңбек жолын 1996 жылы Қарағанды қалалық «Шипагер» газетінде тілші болып бастаған. 1997-1998 жылдары облыс әкімінің штаттан тыс көмекшісі болған. 1998-2013 жылдар аралығында Қазақстан ұлттық телеарнасының Қарағанды облы-

сындағы меншікті тілшісі қызметін атқарған. 2013-2015 жылдары «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы болған. 2015-2017 жылдары республикалық мәдениет және өнер орталығының Қарағанды облысындағы өкілі болып жұмыс істеген. 2017-2019 жылдары Қарағанды облысы прокуратурасы аппаратының бас маманы болған. 2019 жылдан бүгінгі күнге дейін «Биата» жеке шаруашылығының жетекшісі. Нұрлан Аманұлы дайындаған «Ұлытаудың ұлары жоқ» экологиялық телехабары журналистер арасында өткен республикалық байқауда бас жүлдені иеленген. Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты. Халықаралық «Шабьт» фестивалінің дипломаты. Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталған. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында және Ішкі істер министрлігінің академиясында біліктілігін жетілдірген. «Астананың 10 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Қазақстан магниткасының 50 жылдығы» медальдарының иегері.

Сайлауалды бағдарлама Қымбатты жерлестер!

Мен Қарағанды облысында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Барлық саналы ғұмырым тілшілікпен байланысты болғандықтан, ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жадайларға қанықпын. ҚР Президентінің биылғы ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін облыстық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері облыстық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Қарағанды облысының Шет, Ақтоғай аудандары мен Приозерск қаласында шешімін күткен мәселелер жетіп артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Ақтоғай, Шет өңірі мен Приозерск қаласы бойынша мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс жасайтын боламын:

1. Кәсіпкерлік саласын дамытпай, ел өркендемейді. Кез келген мемлекеттің көрсеткіші оның кәсіпкерлік дамуымен өлшеуді. Сондықтан, жастарға кәсіп ашуға қолдау көрсету керек. Бұл салада атқарушы орган, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, аграрлық несие корпорациясы және жергілікті несие серіктестіктерімен қоян-қолтық жұмыс істейтін боламын. Мал шаруашылығы тіршілігінің көзі болып есептелетін аймаққа жеңілдетілген несие тартамын.

2. Ауыл төңірегіндегі мал жайылымын ретке келтіру қажет. Игерілмеген жайылымдық жерлерді ауыл халқының үлесіне қайтаруымыз қажет. Әсіресе, Ақтоғай, Шет өңіріндегі ауылға таяу маңда өндіріс орындарын ашып немесе тау, даланың қабатын қазу жұмыстарын тоқтату керек. Мұның соңы экологиялық апатқа апарып соқтырады. Мен осы қазба жұмыстарын ретке келтіру үшін күрес жүргізуге уәде беремін.

3. Тарихи мұраларды сақтаумен қатар, туризм саласын жетілдіруге атсалысамын. Этно және экотуризм дамыса, халықтың әл-ауқатын арттыруда қосымша жұмыс орындары ашылады. Өңегелі іс салтанат құрады. Ақтоғай мен Шет аудандарында мұндай тарихи мекендер аз емес. Ақтоғайдағы Бегазы-Дөңдібай, Шет ауданындағы «пирамида» аспан асты мұражайлары туристерді тартуға сұранып-ақ тұр. Жолдар салынып, инфрақұрылым тартылса, елдің экономикалық көрсеткішіне де оң ықпал етер еді.

4. Бүгінгі күні ауылды сақтап отырған мектеп екені шындық. Мектеп жабылса, ауыл тарайды. Сондықтан әр ауылдың мектебіне бөлінетін қаржыны көбейту керек. Балаларымыз қазақтың болашағы екенін естен шығармаған жөн.

5. Халықтың денсаулығы оның ішкен суы мен жеген асына байланысты. «Таза су» бағдарламасымен әр ауылды сапалы сумен қамтамасыз етуіміз керек.

6. Ақтоғай-Шет аралығындағы және Ақтоғай-Балқаш аралығындағы жол сын көтермей тұр. Осы жолды жөндеуге тиіспіз. Ауылдағы зейнеткерлер қалаға таксимен қатынайды. Бұл қарттардың аздаған зейнетақысына салмақ түсіріп отыр. Автопарктермен келісім жасай отырып, автобус жүргізіп, жолақысына төменгі тариф бекітуге күш салмақшымын. Ақшатаудың экологиялық жағдайы, Ақалдырдың ауыларалық жолдары, мысалға Ақалдыр-Ақшатау, Ақалдыр-Көктінкөлі тас жолы да назардан тыс қалмауы керек. Ауыл-аралық жолдар – экономиканың темірқазығы, шаруа адамының кәсібіне қозғаушы күш болғандықтан, бұл жұмысқа білек сыбана кірісу міндетім болмақ.

7. Приозерск қаласы республикалық маңызға ие күре жолдың бойында орналасқан. Сондықтан қаланы абаттандыру, инфрақұрылымын дамыту, сәулет жұмыстарын жетілдіруге барынша күш салатын боламын. Приозерск қаласы шетелдік және отандық туристердің ат басын арнайы бұрып тоқтайтын шаһарына айналуы тиіс. Бұл – менің адамдық арманым.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы мәслихатының депутаттығына №18 сайлау округінен үміткер **Аманжолов Алпыс Жанатұлының** өмірбаяны



Қарағанды медициналық университетінде психиатрия-наркология және қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша, Ресейдің Санкт-Петербург, Түркияның Стамбул қалаларында біліктілігімді арттырдым. Психиатрия-наркология және қоғамдық денсаулық сақтау мамандықтары бойынша жоғары санатты дәрігермін.

Мен, Аманжолов Алпыс Жанатұлы 1977 жылы тудым. Екі жоғары білімім бар. Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясын 2000 жылы бітірдім. 2001 жылы терапевт мамандығы бойынша интернатураны аяқтадым. 2019 жылы Алматы экономика және статистика академиясын бітірдім.

2001-2003 жылдары Қарағанды облыстық медициналық-әлеуметтік көмек орталығында, 2003-2008 жылдары Қарағанды облыстық наркологиялық орталығында ординатор дәрігер болып жұмыс істедім. 2008-2013 жылдары сол орталықта бөлім меңгерушісі болып, 2013 жылдан бастап директордың орынбасары қызметін атқардым. 2019 жылдың қараша айынан бастап, осы уақытқа дейін Шет ауданының орталық ауруханасының директорымын.

2013 жылы Қарағанды облысы әкімінің Құрметграмотасымен, 2014, 2019 жылдары Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының Құрмет грамотасымен, 2020 жылы Шет ауданы әкімінің Құрметграмотасымен, 2021 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталдым.

Сайлауалды бағдарлама

Менің сайлауалды бағдарламам – бұл «AMANAT» партиясының ел дамуына екпін беретін саяси тұғырнамасы. Партияның мүшесі ретінде мен алдағы 5 жылдың ішінде өзімнің әрбір қадамым мен іс-әрекетімді «AMANAT» партиясының барлық жоспарларымен үйлестіретін боламын. Депутат болып сайланған жағдайда экономика және әлеуметтік салалар бойынша мына проблемаларға бірінші кезекте көңіл бөлмектің:

Жол жөндеу мәселелері бойынша Өңірлердің автокөлік жолдарын дамытудағы потенциалын арттыруға Ақтоғай, Шет аудандарының ауыларалық жолдарын, ауылдардың көше жолдарын және Приозерск қаласының ішіндегі автомобиль жолдарын жөндеуге ықпал етемін.

Әлеуметтік сала бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешуге атсалысу менің депутаттық жұмысымның басты мазмұны болмақ. Олар: өңірлердің медицина саласында жаңа дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік акушерлік пункттер, медициналық пункттер салу жоспарларын әрі қарай дамыту. Өңірлерге жас мамандарды орнықтыру мәселелерін шешу.

Білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын практикаға енгізу, жаңа мектептер, балабақшалар салу. Осы арқылы балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамтуды ұлғайтуға, жеке балабақшалар ашуға қол жеткіземін.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдауды және көмек көрсетуді, олардың құқықтарын қорғауды, олардың әлеуметтік төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуді басты назарыма аламын.

Аға буын мен мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін шешуге көңіл

бөлемін.

Халықтың мәдени және рухани сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында осы саланың материалдық-техникалық базасын нығайта түсуге күш саламын.

Жергілікті жерлердегі аулаларды абаттандыру, көшелерді, ауылдар мен кенттерді жарықтандыру және асфальттау жұмыстарын одан әрі жалғастыруға ықпал етемін.

Таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ауылдарда ауызсу құбыры желілерінің құрылысы, су құбырларын қайта жаңарту, ескірген су қоймаларын (резервуарды) айырбастау немесе күрделі жөндеуден өткізуді назарда ұстаймын.

Тұрғын үй салу мәселелерінде елді мекендерде тұрғын үй кезегінің көп болуына байланысты үй салу мәселелерін қолға алу, аудан орталықтарында және ірі кенттерде көпкөпөрілі тұрғын үй құрылысының жүзеге асуына көңіл бөлемін.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында кенттерде денешынықтыру-сауықтыру кешендерін, өңірлерде бассейндер салуға, Приозерск қалалық стадионын жөндеуден өткізуге атсалысамын.

Инвестиция тарту мәселелері бойынша өңірлердегі ірі кәсіпорындармен келіссөз жүргізе отырып ауылдарға инвестиция тартуды қарастырамын.

Осы мәселерді шешуде өз тарапымынан барлық тегіктер мен әдістерді пайдалануға, қолымдағы барлық мүмкіндіктерді жұмсауға уәде беремін.

Құрметті сайлаушылар!

Аталған мәселелердің барлығын сіздермен тығыз байланыста болып, бір кісідей біріге отырып шешуімізге мүмкіндігіміз зор.

Халықтың сенімін ақтау – менің борышым!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №10 сайлау округінен үміткер **Кабдынова Айсылу Тенызбайқызының** өмірбаяны



Мен, Кабдынова Айсылу Тенызбайқызы, 1975 жылдың 26 қыркүйегінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары. 1999 жылы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі»

мамандығы бойынша, 2009 жылы Қарағанды «Болашақ» университетінің «Шет тілі: ағылшын тілі» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарында білім алдым.

Еңбек жолымды 1995 жылы Қарағанды қаласының №55 мектебінде орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастадым. 1996 жылдан қазіргі уақытқа дейін Ортадересін ауылының «Ортадересін ЖББМ» КММ-де орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқардым. 2015 жылдан «Ортадересін ЖББМ» КММ мектеп директоры қызметін атқарып келемін.

Отбасылымым, 2 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Елмен етене араласып жүргендіктен, ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін айтып жатады. Сондықтан, ауыл тұрғындарының толғандырып жүрген мәселелерін бір кісідей білемін. Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, ауылымыздағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыстанатын боламын, өйткені депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

– Ортадересін ауылы, Торанғалық және Шашубай кентінің көшелерін жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру және ауылдың кіреберіс көшесіне жарықтандыру тіректерін орнатуға;

– Ортадересін ауылында саябақ орнатуға;
– Ортадересін ауылы мектебінің алдына брусчатка төсеніштерін салуға;
– Ортадересін ауылының мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
– Әлеуметтік бағдарламалардың орындалуына және оның орындалу сапасына бақылау жасауға;

– Торанғалық тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары;
– Ортадересін, Торанғалық ауылдарының жол мәселесін шешу;
– Үкiлеттi органдармен бiрлесiп азық-түлiк және өндiрiстiк тауарларға бағаны төмендету жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

– Салауатты өмір салты ұлт денсаулығының кепілі деп есептеймін. Қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Елді мекенде жастардың спортпен айналысуына мүмкіндіктер қарастыруға және тарихи-мәдени іс-шараларды өткізуге септігімді тигіземін.

– Жастар арасында патриоттық тәрбие беру, бұқаралық спортты дамыту, саламатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер арасындағы қылымыстың алдын алу жұмыстарын жандандыру;

– Кәсіпкерлік, туризм, балық шаруашылығы салаларының дамуына жан-жақты қолдау жасау, яғни, мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізу;

– Барлық тұрғындардың рухани, шығармашылық дамуына тиісінше қолдау көрсетіп, білім, мәдениет ошақтарының жұмыстарының жандануына;

– Халықпен, жергілікті қауымдастықпен, кеңестермен тығыз байланыста болып, билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын негізге алып, жұмыстар атқару.

– Санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, Ортадересін ауылы, Торанғалық, Шашубай кентін абаттандыру және көгалдандыруға;

– Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Жоғарыда аталған жайттар ауыл тұрғындарының күнделікті өмірдегі күні бүгінге дейін шешімін таппай немесе жартылай шешілген көкейтесті мәселелер деп есептеймін. Көңіл қойып бұқаралық халық үшін жұмыс атқарылса, бұлар қолдан келетін істер. Заман талабы өзгеріп, көшіміз түзелетін шақта депутат болып сайлансам, осы жұмыстарды атқаруға және ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын қорғап, сіздердің үлкен сенімдеріңізге ие бола отырып еңбектенемін.

Сонымен қатар, аграрлық өнімдерді сатып алу, тасымалдау, сақтау, өңдеу саласында шағын орта бизнесте қызмет көрсететін ауыл экономикасының қазіргі замандағы инфрақұрылымын дамытуға қол жеткізудің алғышарттарын жасау – білім, денсаулық, мәдениет және спорт саласында, зейнеткерлер, мүгедектер, соғыс және еңбек ардагерлерін, оқушылар мен көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қорғауда атқарылатын жұмыстардың нақтылы және тиімді негізі болып табылады деп санаймын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №4 сайлау округінен үміткер **Избасаров Дулат Избасарулының** өмірбаяны



Мен, Избасаров Дулат Избасарулы 1971 жылдың 25 қарашасында Қарағанды

облысы, Ақтоғай ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келдім.

1989 жылы Ақши орта мектебін бітіргеннен кейін, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтының дене тәрбиесі мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түстім. 1993 жылы аталған оқу орнын аяқтап, Ақши орта мектебіне дене тәрбиесі мұғалімі болып жұмысқа орналастым. 2002-2007 жылдар аралығында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымын атқардым. 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақши негізгі орта мектебінің директоры болып қызмет жасаймын. Кежек ауылдық округінің «Атап» БПҰ-ның төрағасы болып сайландым. Отбасылымым, бір ұл, бір қызым бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздер мені алдағы аудандық мәслихат депутаттығына сайлауда қолдасаңыздар:

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына кандидат бола отырып, мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

Атап айтсам:

– Заңда бекітілген тәртіп бойынша тұрғындардың мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру. Мемлекеттік бағдарламаның барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;

– Бюджет қорының тиімді мақсатты түрде жұмсалып қанағалау;

– Ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға, барлық шаруа қожалықтарының толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал жасау;

– Шағын елді мекендердегі мектептердің бала санының азайып кетуіне байланысты сырт жерлерден көпбалалы отбасын көшіріп әкелу бойынша іс-тәжірибеммен бөлісу;

– Ауылға жас мамандарды (мұғалімдер, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс жасау;

– Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ауылдық жерде ұлттық ат спорты, қысқы спорт түрлерін жандандыруға жан-жақты көмектесу. Балалар ойын алаңдарын, хоккей корттарын ашуға ықпал ету. Балалар мен жастардың спортпен шұғылданыуына жағдай туғызу және ұдайы қамқор жасау;

– Ауылды жерден мектеп, клуб үйі, кітапханалардың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту және қамтамасыз ету үшін тиісті органдарға жеткізу;

– Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасыларды үнемі назарда ұстау;

– Ауылды көркейту, абаттандыру, көшелердегі жарық мәселесін шешу, тазалық жұмыстарына атсалысу;

– Сәуле ауылының Достық, Тәуелсіздік көшелеріне баған орнату. Сәуле ауылының Достық, Тәуелсіздік, Қоңырат, Бейбітшілік көшелеріне бейнебақылау камераларын орнату жұмыстарына ықпал ету;

– Ақши ауылына балалар ойын алаңын орнату;

– Ақши ауылының көтерме жолындағы суағар жолдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;

– Жалаңаш ауылына ауыз су тарту мәселесі бойынша жұмыстар жүргізуге ықпал жасау;

– Жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдем көрсету, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқуға және қайта оқытуға, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне жіберу;

– Ауылдың тұрғындарының басты табыс кезі төрт түлік мал болғандықтан, мал тұқымдарын асылдандырып, мемлекеттің қолдауларын сауатты пайдаланып, өнімдерді сапалы, мол, пайдалы өндіру үшін жаңашыл әрі ізденісті жұмыстар жасап, барды дамыта беруге күш салатын боламын;

– Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін атқарушы биліктің де, ауылдық округтің барлық тұрғындарының да күш-жігерін біріктіру жолында еңбек жасайтын боламын;

– Ауыл тазалығына жігі көңіл бөле отырып, ауыл ішін абаттандыру жұмыстарын жетілдіру үшін ауыл халқын жаппай жұмылдыруға, сырттан демешілер тарту арқылы көше бойындағы көтерме жолдарды ретке келтіруге, көктемгі су тасқыны кезінде бөгет тудыратын сыртқы көпірлерді қалыпқа келтіру, ауыл ішін жасылдандыру, сол сияқты тұрғылықты халықты ауласында бау-бақшамен айналысуға ықпал жасауға тырысамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №9 сайлау округінен үміткер Ержанов Октябрь Айдынбайұлының өмірбаяны

Мен, Ержанов Октябрь Айдынбайұлы 1980 жылдың 11 қарашасында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келдім. 1998 жылы Жезқазған мемлекеттік университетінде «Менеджер экономист» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2009 жылы балық инспекторы болып бастадым.



Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Егер мен депутат болсам, келесі бағыттарды шешуге бар күш-жігерімді саламын:

- Көше жарықтарын орнатуға;
- Ауылға кіреберіс 13,4 шақырым жолдың құрылысының толық, сапалы аяқталуына;
- Спорт алаңы, яғни, воркаут орнатуды қолға аламын;
- Жас мамандарға қызметтік үй құрылысын салуға ықпал етемін;
- Балалар ойын алаңын салуға;
- Жасөспірімдерге спорт секциясын ашуға;
- «Қарапайым заттар экономикасы», «Бастау-бизнес», «Еңбек», «Іскер», «Агробизнес», т.б. мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып, кәсіпкерлердің санын арттыруға;
- Ауылдағы мобильді байланыстың басқа да операторларының қосылуына;
- Ауылда туризм саласын дамытуға;
- Мектеп жанындағы балабақша ашуға;
- Фельдшерлік пункттің талапқа сай болуына өз тарапымнан ықпал жасаймын.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

- Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан-жақты қолдау жасау, яғни, мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне;
- Ауылда туындаған проблемалардың уақтылы шешілуіне;
- Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу;
- Жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру, болмаған жағдайда жаңадан салғызу;
- Төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру;
- Шалғай ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс жасап, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау;
- Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру;
- Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру;
- Ауыл мәдениетін өркендету, ауылды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу;
- Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шаруа қожалықтарына төмен пайызда несие алуға көмек жасау;
- Жылқы және қой шаруашылығының жұмысын жандандыру, қымыз өндіру өнімін ұлғайту;
- Мал басын асылдандыру бағытында жұмыс жасау, жағдайы төмен отбасыларға шаруа қожалықтарының демеушілігі арқылы жұмыс істеулеріне, әлеуметтік жағдайын жақсартуға қолдау көрсету.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №3 сайлау округінен үміткер Қаура Данияр Жақсыбергенұлының өмірбаяны



Мен, Қаура Данияр Жақсыбергенұлы 1992 жылдың 21 қазанында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім. 2010 жылы

Ақтоғай ауылындағы К.Байсейітова атындағы орта мектебін бітірдім. 2014 ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Экономика және бизнес бакалавры». 2015 ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Экономика және бизнес магистрі». 2018 ж. Болашақ академиясы «Құқық бакалавры». 2020 ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Әлеуметтік ғылымдарының магистрі» мамандықтары бойынша бітірдім.

2015 жылдан бері «Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-нің бас маманы болып қызмет атқарамын.

Отбасылымың, 2 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Бала кезден ата-анам мені еңбексүйгіштікке, адалдыққа, Отанымды қастерлеуге үйретті.

Тәуелсіз еліміздің көк туы бейбіт аспанымызда желбірегені де, міне, 32 жыл Осы жылдар ішінде біз көптеген табыстарға қол жеткіздік. Қазақстан Республикасы бүкіл әлемге танымал ел болды.

Ел басшысы дәйектілікпен іске асырып келе жатқан Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ұмтылысын бүгінгі күнде бәрі мойындайды, тандалған жолдың дұрыстығын өмір өзі дәлелдеуде.

Жалпы халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында еліміздің көркейе түсуіне еңбек ету әрбір азаматтың парызы деп есептеймін.

Депутат – өз сайлаушыларының мұң-мұқтаждарың талап-тілегін, ұсыныстарын өкілетті органдарға жеткізіп, оның орындалуын қадағалайтын халық көмекшісі, сайлаушылар өкілі. Сондықтан, мен күш-жігерімді, білімімді халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға жұмсаймын.

Елмен етене араласып жүргендіктен де, ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін айтып жатады. Сондықтан, ауылдың

мәселелерін бір кісідей білемін. Мен аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда ең әуелі туған ауыл, өскен ортамыздың гүлденіп, әлеуметтік-экономикалық өсуі бағытында барлық күш-жігерімді, білімім мен тәжірибемді жұмсаймын. Сондықтан, егер депутат болып сайлансам, төмендегі бағыттардан тұратын бағдарламамен жұмыс жасап, бар күш-жігерімді халқымыздың игілігіне жұмсар едім.

Егер сіздер мені алдағы аудандық мәслихат депутаттығына сайлауда қолдасаңыздар:

- Ақтас, Қуаныш ауылдарының көшелерін жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру және ауылдың кіреберіс көшесіне жарықтандыру тіректерін орнатуға;
- Ақтас ауылы саябағының ішіне балалар ойын алаңын орнатуға;
- Қуаныш ауылы клуб үйі мен мектеп арасына брусчатка төсеніштерін салуға;
- Ақтоғай ауылының орталық көшесінің қоршауларын ауыстыруға;
- Ақтас ауылы саябағының ішіне футбол алаңын орнатуға;
- Ақтас ауылын ауыз сумен толықтай қамтуға;
- Қуаныш ауылының клуб үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- Шағын бизнеспен және шаруа қожалықтарымен айналысатындар санын арттыруға қолдау көрсету, жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайту, мемлекеттік қолдау көрсету, қаржыландыруды қолдау, өрі қарай дамыту;
- Жастарға бос уақытта айналысатын іс-шараларды ұйымдастыру, қалың бұқараның, оның ішінде жастарды спортпен шұғылдандыруға кеңірек тарту;
- Аз қамтылған отбасыларына көмектесуге араласу;
- Ауылдағы шешімін таппаған сұрақтарды көтеру және шешілуіне атсалысу.

Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздер таңдау жасап, өз дауыстарыңызды маған беретін болсаңыздар, мен барлық іс-тәжірибем мен білімімді, іскерлігімді туған қонысымыздың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге және дамуына арнаймын.

Кәсіпкерлік қызметті бастау үшін ауылда кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша жастарға, көпбалалы аналарға, жұмыссыз азаматтарға жеңілдікті несие және мемлекеттік грант қаражатын алуға жәрдемдесу. Ол үшін нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын жүзеге асыру тәртібінің нақты мысалдарын көрсете отырып, ауылдық округ тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді атқарушы биліктен бірлесе отырып шешуге болатындығына көзім жетеді.

Алдағы сайлау додасына үміткерлікке түсіп отырғаннан кейін маған қолдау көрсететіндеріңізге сенімдімін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №5 сайлау округінен үміткер Абеуов Рашид Бегілікұлының өмірбаяны



Абеуов Рашид Бегілікұлы 1975 жылы 26 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылдық округінде дүниеге келген. 1982-1992 жылы Қызыларай жалпы орта білім беретін мектебін бітіргеннен кейін Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне түсіп, 1997 жылы аталған оқу орнын техникалық пәндер мұғалімі және кәсіптік бағдар беру әдіскері мамандығы бойынша бітірді. 2003-2005 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік

университетінде оқып, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бакалавры мамандығын алды.

1997-2001 жылдары Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылдық округіне қарасты «Кенасу» шаруа қожалығында жұмыс жасады.

2001-2002 жылдары Қызыларай орта мектебінде информатика пәнінің мұғалімі.

2002-2008 жылдары Қызыларай ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы.

2008-2014 жылдары Қызыларай ауылдық округінің әкімі болып қызмет жасады.

2014-2015 жылдары Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы болды.

2016-2021 жылдары Ақтоғай аудандық мәслихатының VI шақырылымының депутаты, мәслихат хатшысы болып қызмет жасады.

2021-2023 жылдары Ақтоғай аудандық мәслихатының VII шақырылымының депутаты, мәслихат хатшысы болды.

Отбасылы. Төрт баласы бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Еліміздің Президенті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы 19 қаңтар 2023 жылғы мәлімдемесінде «Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Осылайша, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты толық іске асады.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек» деген болатын.

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №2 сайлау округінен үміткер Жолдасов Қанат Аңсабайұлының өмірбаяны

Жолдасов Қанат Аңсабайұлы 4 шілде 1986 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келген.

2008 жылы Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылдың 1 қыркүйек күні Ақтоғай ауданы орталығындағы К.Байсейітова атындағы жалпы білім беретін орта мектепте ұстаз болып бастаған.

2009 жылдың 13 ақпанында Ақтоғай ауданының мемлекеттік архивінің архившісі болып жұмысқа қабылданған.

2011 жылдың 10 қаңтарынан Ақтоғай ауданының мемлекеттік архиві директорының орынбасары болып тағайындалды.

2016 жылдың 5 желтоқсанынан «Ақтоғай ауданының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы болып қызмет жасауда.

Архив саласындағы ұзақ жылғы және жемісті еңбегі үшін 2018 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған.



Сайлауалды бағдарлама

Егер мен депутат болып сайлансам:

Депутат болу мансап та, мәртебе де емес, керісінше халықтың ортасында жүріп, ел мүддесі үшін ауданның экономикалық-әлеуметтік салаларының өркендеуіне араласып, халық пен биліктің арасын жалғастыру міндетін атқару керек екендігін аса жауапкершілікпен сезіне отырып, төмендегідей бағдарламаны орындауды міндетім деп санаймын. Сайланған жағдайдағы менің жоспарым, өзімнің ең бірінші борышым, тек сайлау округінің аумағында ғана емес, сонымен қатар, барлық аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге ықпал ету деп білемін.

• Мен өзін-өзі ұсыну жолымен №450, 463 сайлау округінен кандидат бола отырып, ауылдастарымды толғандыратын әрбір өзекті мәселеге мән беріп, олардың аудан көлемінде орындалуына атсалысамын;

Сондықтан, менің «Аманат» партиясының атынан депутат ретіндегі басты міндетім:

1. Жас ұрпақтың сапалы білім алып, салықалы тәрбие алуына, қоғам болып атсалысуға бастамашы бола отырып, білім және тәрбие саласына қатысты лауазым иелерінің жауапкершілігін арттыруға үнемі ықпал жасау.

2. Бұқараның әлеуметтік-экономикалық жағдайын үнемі бақылауда ұстау, халықтың жай-күйінің артуына жергілікті атқарушы органдармен, әкімдермен бірлесіп отырып, алға қойған даму жоспарларының орындалысын іске асыру, жетістіктерге жетудің ең тиімді жолдарын ойластыру, бойкүйездіктің кесірінен қоғамда бел алып кеткен жұмыссыздықты жоюға кешенді жұмыс жүргізу, мүгедектер мен зейнеткерлердің хал-ахуалының үнемі бақылауда болып, олардың жағдайларының артуына жұмыстар жүргізу.

3. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылардың ел жағдайын ашатын бірінші кезектегі қажетті, өзекті мәселелерге бөлінуіне ықпал ету, олардың бюджет заңдылығына сай игеріліп, көздеген мақсатқа жұмсалып қалғанына қадағалау.

4. Ауыл өмірінің басты күнкөрісі ауыл шаруашылығы, оның өндірілген өнімі. Соған байланысты ауылдардағы өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің (ет, сүт, тері, жүн, т.б.) пұлға айналдыру тетіктерін жергілікті әкімдермен бірлесіп отырып шешу жолдарын қарастыру, тиісті органдар арқылы жетістіктерге жетуге ықпал жасау.

Шаруа қожалықтарының мүдделерінің, құқықтарының қорғалуына, сақталуына заң аясында ықпал жасау.

Ауыл инфраструктурасының дамуына қажетті қаржы көлемінің қарастырылуына, оның бөлінуіне ықпал жасау, атап айтқанда, Ақтоғай-Шабанбай би-Қызыларай (0-63 км) аудандық маңыздағы көтерме жолының орташа жөнделуінің (асфальтталуының) аяқталуы.

Ауылдық округ орталықтарының (Шабанбай би, Сарытерек, Қызыларай) оларға қатысты елді мекендердің (Сона, Бегазы, Өндіріс (Қасабай), Ақтұмсық, Кеңелі, т.б.) жолдарының жыл бойғы күтіп ұсталуы, әсіресе, қыс кезіндегі жол жабылуын болдырмау жұмыстарын қолға алу, жолдардың қардан тазалануын уақытылы жүргізілуі үшін тиісті лауазым иелері арқылы үнемі қадағалап отыру, ауылдардың көшелерін замануи талапқа сай асфальтатуға, орта жөндеуден өткізуге және жарықтандыруға жұмыстар жасау, ауылдарда электр энергиясының үнемі және тұрақты болуына тиісті лауазым иелері арқылы қадағалауға алып, бақылауда ұстау;

Жоғарыда аталған шағын елді мекендерде (Сона, Бегазы, Өндіріс (Қасабай), Ақтұмсық, Кеңелі, т.б.) ауыз су проблемасының шешілуіне нақты жұмыстар жүргізу. Ауыз суға жарамды су көздерін анықтату және кешенді блок-модуль (КБМ) таза ауыз су құбырларын салдыруға ықпал жасау.

5. Ауылдарда дене тәрбиесі мен бұқаралық спорттың, ұлттық спорт түрлерінің жүйелі дамуына, оған қажетті қаржының бюджеттен бөлінуіне ықпал жасау басты міндеттерінің бірі болмақ.

6. Жастар – біздің болашағымыз, жастардың мәселесі, олардың білім алуы, белгілі бір қажетті мамандыққа, кәсіпке бейімделуі, жұмыспен қамтылуы менің депутаттық қызметімдегі негізгі міндеттерімнің бірі болады.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

– Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету;

– Адам – мемлекеттің басты байлығы болғандықтан, денсаулыққа қызмет көрсету жағдайын жақсарту, саламатты өмір салтын қалыптастыру;

– Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру;

– Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, заңды құрметтеуге және оның сақталуына бағытталған мәселелерді қолдау, қоғамдық тәртіп мәселелерін тиімді шешу;

– Ауылдарда мал шаруашылығы саласын асылдандыру жұмыстарының жүйелі дамуына ықпал жасау, пайдаланылмай жатқан жер аумақтарын нақты шаруа адамының иелігіне беруге ықпал ету, ауылдық жерлерде жазғы дала өртінің алдын алуға, жергілікті әкімдерді арнайы өрт сөндіретін техникалармен қамтамасыз ету үшін, заңдылығына қарай қаржы қаратуға ықпал жасау;

– Шаруа қожалықтарының мүдделерінің, құқықтарының қорғалуына, сақталуына заң аясында ықпал жасау;

– Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасылардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау;

– «Ел болашағы – жастар» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу, жастар саясатын дамыту, жас мамандарды ауылдарға тарту;

– Аудан жастарының бойындағы патриоттық рухты ояту бағытында тарихи маңызды жерлерді, атақты тұлғаларды жастарға кеңінен насихаттау, білікті мамандардың тәжірибесіне сүйеніп отырып, өлкетану бағдарламасын жүзеге асыру;

– Елді еңбекпен қамтудың негізгі бір дінгегі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне атсалысу;

– Елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, тұрғын үй құрылысын арттыру, инфрақұрылымның заман талабына сай дамуына депутаттық мінбеден ықпал ету;

– Аудандық архив саласында біраз жылдан бері қызмет жасап келемін, архив негізінен ауданның күре тамыры секілді ең маңызды сала. Сіздердің таңдауларыңызбен депутат болып сайлансам, барлық аудан тарихы жинақталатын мекеменің көлемін ұлғайтуға, онда ұзақ жылдық құжаттардың дұрыс сақталуына үлкен мән берер едім;

– Қосымша жылу қазандықтары орнатылған жағдайда кентің көпқабатты үйлерін орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу жұмыстарын жалғастыру;

– Қажеттілігіне қарай әр ауладан балалар ойын алаңын салуға атсалысамын.

Мен сіздердің объективті көзқарастарыңызға сенемін, ал жүректеріңіз сіздерге дұрыс шешім қабылдауға жол сілтейді. Сіздермен бірге мемлекетіміздің қуатты, еліміздің бақытты, өлкеміздің өркенді болуына күш саламын!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №8 сайлау округінен үміткер Қалақбасов Бауыржан Атарқалиұлының өмірбаяны



Мен, Қалақбасов Бауыржан Атарқалиұлы 1974 жылы 25-ші маусымда Жамбыл облысы, Қордай ауданында, Красногорка ауылында дүниеге келдім.

1981-1991 жылдар аралығында Шілбастау орта мектебін аяқтадым. 1991-1996 жылдар аралығында А и ИИТ (Алматы теміржол институтын) аяқтадым. 1996 жылы ШЧ-33 Алматы сигнализация және байланыс дистанциясында электромеханик

қызметін атқардым. 1998-2001 жылдар аралығында ШЧ-33-те Отар-Шілбастау аралығында СОБ жөніндегі аға электромеханик қызметін атқардым. 2001 жылдың ақпан айынан қыркүйек айына дейін ШЧ-33-те аға диспетчер жұмысын атқардым. 2001 жылдың қыркүйек айынан 2004 жылдың ақпан айына дейін Алматы-Отар ШЧ-33-те өндірістік телімінің басшысы қызметін атқардым. 2004 жылдың ақпан айынан маусым айына дейін Астана қаласының сигнализация және байланыс департаментінің бас маманы қызметін атқардым. 2004-2005 жылдар аралығында ШЧ-27 Қушмурун сигнализация және байланыс дистанциясында СОБ жөніндегі бастықтың орынбасары қызметін атқардым. 2003-2006 жылдар аралығында КАЗАТК-ның сырттай экономист мамандығын меңгердім. 2005 жылдан бастап осы күнге дейін Сарышаған сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы қызметін атқарып келемін. Сегіз баланың әкесімін.

Сайлауалды бағдарлама

Мен сіздердің қалауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам:

1. Дені шынықтыру-сауықтыру кешенінің (ФОК) құрылысын салуға атсалысу;
2. Сарышаған кентінде көпқабатты Абай көшесі № 10, 14, 22, Мектеп көшесіндегі үйлердің шатырына жөндеу жұмыстарын жасауға атсалысу;
3. Әкім аппараты ғимаратының сыртына ағымдағы жөндеу жұмыстарын қолға алу;
4. Кенттің ішкі қиылыстарына 1200 метр орта жол жөндеу жұмыстарын жүргізу;
5. Энергетик көпесінің көше жарық шамдары мен тіректерін орнатуға;
6. Жазғы су құбырын ағымдағы жөндеуді бақылау;
7. Балқаш көшесіне трансформатор мен жарықтандыру тіректерін орнату;
8. Теміржол көшесіндегі демалыс саябағының аумағын абаттандыру;
9. Ынтымақ көшесінде балалар ойын алаңына ойын жабдықтарын орнатуды бақылау;
10. «Ақтоғай Энерго» ЖШС-не техника (трактор, ассенизатор, погрузчик, самосвал, қызметтік автомобиль) сатып алу;
11. Жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуы, олардың салауатты өмір ұрпын қалыптастыру жолында, бос уақыттарын өткеруге, спорттың бұқаралығын арттыруға;
12. Аудандық мәслихаттың жаңа құрамында бюджеттің жариялылығына бақылау жасау, қаржының тиімді жұмсалуына бақылау жасау механизмін жасауға атсалысамын;
13. Табысы төмен отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, қорғаншылық және қамқоршылықтағы балалардың әлеуметтік қорғалуы, ана мен бала денсаулығын сақтау, мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар

аударуға;

14. Халыққа қызмет ету – абыройлы міндет, оны өркезде еске ұстап, осы жолда білімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсайтын боламын.
15. Мал шаруашылығының өркендеуіне, шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындардың мал бастарының көбеюіне және сапалы ветеринариялық ахуалдың қалыптасуына барлық жағдайды жасап, шаруа қожалықтарының толыққанды жұмыс істеуіне, олардың субсидия және несиеге қол жеткізуіне ықпал жасау, көмек беру, жағдай туғызу;
16. Жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту;
- Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналдыра отырып: денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің мүддесін қарауға ықпал етуге;
17. Туған елімізді өркендетуге, тұрғындарды игілікті істерге бастауға қабілетімді жұмсай отырып, жұмыс жүргізуге өздеріңізді сендіремін. Депутат ретінде халықтың жағдайын жоғарғы деңгейге көтеруде өзімнің бар жауапкершілігіммен қызмет етемін;
18. Аталған істерді барлығымыз жұмыла жүк көтергендей атсалысып атқарсақ, үлкен жетістіктерге жетеміз. Жетістіктерге бірге жетейік!
- Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне, елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы патриот ретінде саяси додаға түсіп, өзімнің бағымды сынап көрмекпін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №2 сайлау округінен үміткер Елеусизова Гулнар Метаевнаның өмірбаяны



Мен, Елеусизова Гулнар Метаевна 1976 жылы 1 мамыр күні Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, «Қызылжарай» кеңшарында дүниеге келдім.

1993 жылы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөлімшесіне түсіп, оны 1997 жылы «журналист» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Алғаш еңбек жолымды 1997 жылы Қарағанды қаласындағы ҚарМУ-дің баспаханасында бастадым.

1998 жылы Ақтоғай ауданы «Тоқырауын тынысы» газетінің жанындағы аудандық радиоторабында диктор;

1999 жылдан ауданда алғаш рет Мәдениет бөлімінің бастамасымен «Ақтоғай» телеарнасы ашылып, диктор болдым;

2000 жылдан Ақтоғай аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінде тілші;

2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, Ақтоғай аудандық «Тоқырауын тынысы» қазіргі «Aqtogai aяay» газеті

редакциясы ЖШС-нің Директор-Бас редакторы;

2021 жылдың 15 қарашасынан бастап Ақтоғай аудандық «Aqtogai aяay» газеті редакциясы ЖШС-нің құрылтайшысы және Бас редакторы.

ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «ҚР Ақпарат саласының үздігі». Екі балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті ақтоғайлықтар, қадірлі жерлестер!

Егер сіздердің таңдауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам:

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, халықтың әл-ауқаты мен өзекті проблемаларын мейлінше дәл анықтау және оларға байланысты шаралар қолдану, өділетті шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық пікірді зерттеу, сұрау салу, халықтың пікірін тыңдап, көпшілік тыңдаулардың тұрақты жүргізілуіне қол жеткізуге атсалысамын.
2. Ауданның агроөнеркәсіп кешенінің дамуына әсер ететін тетіктердің бірі – мал шаруашылығын дамыту, олардың тұқымын асылдандыру, оны ұстап тұруға субсидия алудың жолын қарастыру, мал өнімі көлемін ұлғайтуға, ауылшаруашылық тауар өндірушілерін ынталандыруға, қолдауға бағытталған бағдарламалармен халықты хабардар етуге, несие алудың жолын қарастыруға.
3. Аудандық мәслихаттың сессияларында, тұрақты комиссия мәжілістерінде елдің мұң-мұқтажын, ұсыныстарын ескере отырып, өміршең мәселелердің қаралуына, олар бойынша белгілі бір орындаушыға бағытталған нақтылы шешімдердің қабылдануына бастамашы болу.
4. Жетімшөккі елді мекені және осы өңірдегі қыстақтарда қоныстанған шаруа қожалығы егелеріне қатысты көкейкесті мәселелердің, сұраныстардың орындалуын қадағалауда заңдылықтар шеңберінде ықпалды шаралар қолдану. Бұл бағыттағы жұмыста тиісті сала басшыларымен, ауылдық округ әкімімен, қоғамдық ұйымдармен үйлесімді байланыстарды жетілдіру.
6. Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасылардың ҚР заңнамаларына сәйкес әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау.
7. Ақтоғай ауылы орталығындағы ішкі көше жолдарының сапасының сақталуын, оларды жөндеу инфрақұрылымының заман талабына сай дамуына депутаттық мінберден ықпал етемін. Халық сұранысы аясында Сана би көшесіне (1-16 үйлер аралығы) көтерме жол салуға, Нарманбет көшесіне асфальт төсеге ықпал ету.
8. Ақтоғай ауылындағы көшелердің орналасу аймағына қарай балалар ойын алаңын орнатуға ықпал жасау.
9. Ел ертеңі – жастар, олардың бойындағы белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, көпбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ете отырып, жас мамандарды ауылға тартуға, олардың қабілеттеріне сай іс бастауына көмек көрсету, облыс, аудан әкімдерінің гранттарына жастардың қолын жеткізуге көмектесу.
- «Халыққа қызмет – абыройлы міндет». Мен сіздердің қырағы көзқарастарыңызға сенемін, ал жүректеріңіз сіздерге дұрыс шешім қабылдауға жол сілтейді. Сіздермен бірге мемлекетіміздің қуатты, еліміздің бақытты, өлкеміздің өркенді болуына күш саламын. Туған елімнің, өскен жерімнің әрбір тіршілігі, халқының тағдыры маған еш жат емес. Өздеріңіздің көз алдарыңызда ширек ғасырға жуық журналистік қызмет атқарып, талай істің жүзеге асуына, сеннің қозғалуына ықпал жасап жүргендігім көз алдарыңызда. Өрмен қарай да қаламыма һәм халқыма сеніп, ықпал етемін!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №3 сайлау округінен үміткер Нұртазин Ерлан Жамеловичтің өмірбаяны

Мен, Нұртазин Ерлан Жамелович Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы қасиетті Ақсораң жерінде туып-өстім.

Айыртас орта мектебінен орта білім алдым.

1984-1986 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметімді өтедім.

1986 жылдан Балқаш кен байыту зауытында 2007 жылға дейін жұмыс жасадым.

2007 жылдан бастап «Бақтияр» шаруа қожалығының жетекшісімін.

Қазіргі таңда жеке шаруашылықпен айналысамын. Бұл бағыттағы жетістіктерімді халық біледі.



Сайлауалды бағдарлама

ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттар мен депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін, аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Ауылымызда да шешімді күткен мәселелер жетіп артылады.

Ауылымыздың қай жерінде де тұрғындар толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Ақтоғай ауданында мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға өзімнің күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

1. Ауылдық жерлердегі спорт және ойын алаңдарына бюджеттен қаржы қарастыруға ықпал ету, халықтың ұсыныстарына қолдау көрсету және жүзеге

асуына ықпал ету.

2. Ақтас және Қуаныш ауылдарында көпірді жөндеуге, ішкі тоқ жүйесін жаңартуға атсалысамын.

3. Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру, аудандық бюджеттен бөлінетін қаражаттардың толыққанды өз мүддесіне жұмсалып қалмауына қадағалаймын.

4. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға қолдау көрсету.

5. Шаруа қожалықтарының толыққанды жұмыс істеуіне, олардың субсидия және несиеге қол жеткізуіне ықпал жасау, көмек беру, жағдай туғызу.

Сонымен қатар, өзім жұмыс істеп отырған Ақтоғай ауданындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға техникамен көмек көрсету, басқа да көмегім тиетін жұмыстарға қол ұшымды беруге дайынмын.

Экологиялық таза қоршаған орта қалыптастыру үшін елді мекендерді қоқыс қалдықтарынан арылтып, тұрмыстық жайлылықтарын арттыруға, электр қуаты мен жылу берудің үнемді әрі тиімді соңғы технологиясына көшу жолдарын қарастыруға ықпал ету.

Талбесігіміз Тоқырауын өзенінің көркі болып тұрған жасыл желектердің шектен тыс қиылуын тоқтатып, қалпына келтіру мақсатында тал көшеттерін жоспарлы түрде егуді қолға алу.

Сайлаушыларымызмен жиі кездесіп, олардың ой-пікірлерімен бөлісіп, көкейкесті, түйткілді проблемаларына назар аударып, шағым-арыздары мен талап-тілектерін аудан аймағындағы құзырлы органдар мен жауапты мекеме басшыларының және мәслихат депутаттарының алдында мәселе етіп қою менің тікелей депутаттық міндетім деп есептеймін.

Бүгінгі сайлауалды бағдарламада алдымызда тұрған бірінші кезекті жалпыұлттық міндет. Реформаларды жүзеге асыру арқылы біз ұлттық сананы өзгертеміз, отаншылдықты арттырамыз, ел бірлігін нығайтамыз. Тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтай отырып, Қазақстанды өркениетті елдер санатына көтереміз.

Сондықтан, мен жерлестерімді алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, маған дауыс беруге шақырамын!

Қымбатты жерлестер!

Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін!

Болашақ ауданымыздың көркеюіне атсалысайық!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №1 сайлау округінен үміткер Таукеев Төлеген Зарузадиновичтің өмірбаяны



Мен, Таукеев Төлеген Зарузадинович Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылында 22 мамыр 1980 жылы дүниеге келгенмін. Нүркен ауылы, Н.Әбдіров атындағы орта мектепті бітіріп, Д.Қонаев атындағы университетін «заңгер» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2004-2005 жылдары Ақтоғай ауданы, Құсақ ауылдық округі әкімінің аппаратында маман болып бастап, 2005-2009 жылдары «ҚазАгро» холдингінің «ҚазАгроМаркетинг» АҚ-ның Ақтоғай ауылдық кеңес беру орталығының кеңесшісі, 2009-2013 жылдары Ақтоғай ауданы Әділет басқармасының бас маманы, 01.2013-08.2013 ж. Ақтоғай ауданы ХҚКО-ның реттеу залының басшысы, 2013-2016 ж.ж. Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округінің әкімі, 2016 жылдан «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы, 2023 жылдың қаңтар айынан «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы болып қызмет атқарамын. 2021-2022 жылдар аралығында Ақтоғай аудандық мәслихатының VII шақырылымының депутаты болып сайландым.

Отбасылымын, үш балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

№1 сайлау округіне жататын Нүркен ауылдық округі, Ақтоғай ауылы тұрғындарының проблемалық мәселелерін бір кісідей білемін.

Сондықтан, Ақтоғай аудандық мәслихатының VII шақырылымының депутаты, «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы ретінде жинаған тәжірибем сүйеніп отырып, «AMANAT» партиясының атынан ұсынылған кандидат ретінде сіздерге өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

– Ауыл шаруашылығы – экономиканың негізгі қозғаушы күші. Алдағы жылдары мемлекетіміз ауыл-аймақты өркендетуге басымдық беріп отыр. Сондықтан:

– Пайдаланылмай жатқан ірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің жерлерін партияның «Жер Аманаты» бағдарламасы негізінде анықтап, мемлекеттік қорға қайтарып, конкурс арқылы берілуіне;

– ауыл шаруашылығы бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізілуін, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне ықпал жасаймын;

– білім мен ғылымға салынған инвестиция болашаққа салынған инвестиция болып табылады;

– білім сапасын жақсарту үшін мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

– Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін орта мектебіне жөндеу жұмыстарына бюджет қаражатының бөлінуіне;

– мектепте бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылға ынгалы азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастырылуына ықпал етемін;

– «Бірінші байлық – денсаулық» дейді халқымыз. Денсаулық – кез келген мемлекеттің, ұлттың даму деңгейіне өлшем болатын индикатордың бірі. Денсаулық, медицина саласында кезек күттірмейтін мәселе аз емес. Азаматтардың жоғары стандартты, сапалы медициналық ем қабылдауына мүмкіндік жасау керек. Сапалы әрі арзан дәрі-дәрмектердің қолжетімді болуы шарт. Ол үшін:

– Медициналық мекемелер мен дәріханалардың дәрі-дәрмектермен және медициналық препараттармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

– денсаулық сақтау саласындағы маман тапшылығы мәселесін шешу үшін жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге;

– сонымен қатар, барлық ауылдық жерде амбулаториялық бекеттер, фельдшерлік бөлімшелер ашылуына байланысты Нүркен ауылында да ФАП құрылысын салуға ықпал етемін;

– қоғамымыздағы бірегейлікті айқындайтын мәдениетті қалыптастыру және халық саулығын дамыту біздің басты міндеттеріміздің бірі. Сондықтан:

– Ауылдарда мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Нүркен ауылында балалар ойын алаңын орнатуға бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Ақтоғай ауылындағы стадионның күрделі жөндеу жұмысын қадағалап, сапалы аяқталуына ықпал етемін;

– Жастар – әрбір мемлекеттің болашағы. Жастарды жұмыспен қамту, жастарды ауылдық жерлерге тарту, олардың шығармашылық тұрғыдан дамуын, әлбетін дамыту үшін жағдай жасалу керек. Ол үшін:

– Ақтоғай ауылында «Coworking center» ашу есебінен жастардың өзін-өзі көрсетуі және шығармашылық дамуы үшін жағдай жасалуына;

– «Дипломмен – ауылға», «Жасыл ел», «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау;

– «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауыл жастарының 2,5% пайызбен несиеге қол жеткізілуіне ықпал етемін;

– ауыл азаматтарының өмір сүру сапасын жаң-жақты арттыру негізгі басымдықтардың бірі болып саналады. Осыған орай:

– Ауылдық округ сайлаушыларымен кездесіп, ауылды абаттандыру, көше жарықтарын орнату, ауыл тазалығы, суағарлар салу, т.б. мәселелерге байланысты жұмыстарды жоспарлау және жүзеге асырылуына жұмыстар ұйымдастыру;

– Ақтоғай ауылы, Нүркен ауылы мен Нүркен ауылдық округіне қарасты елді мекендердің қыс айларында жолдардың қардан аршылуын қадағалап, бюджет қаражатының жеткілікті бөлінуіне;

– ауылдарда тоқ көзінің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етуге;

– Ақтоғай ауылында 4 деңгейдегі ауыз су тарту жұмыстарының жүзеге асуына ықпал етемін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №11 сайлау округінен үміткер Қадірберлин Қайыржан Оңалбекұлының өмірбаяны

Мен, Қадірберлин Қайыржан Оңалбекұлы 1970 жылдың 3 желтоқсанында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шұбартау ауылында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 1995-2022 жылдары «Айнабұлақ» жеке шаруашылығының жетекшісі болып бастадым. 1992-1995 жылдары Ауыл шаруашылығы бөлімінде техника басқарушысы болып жұмыс жасадым. Қазіргі уақытта Фермерлер Одағының төрағасы, «Айнабұлақ» шаруа қожалығының төрағасы болып қызмет атқарамын.



Сайлауалды бағдарлама

Елмен етене араласып жүргендіктен де, ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін айтып жатады. Сондықтан, ауылдың мәселелерін бір кісідей білемін.

Әрине, ауылда қолайлы орта, тиісті жұмыс орны аз. Сондықтан, агроөнеркәсіпті дамыту – уақыт күттірмейтін мәселе. Бұл ретте инфрақұрылымдарды жанарту, жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау қажет. Жеке қосалқы шаруашылықтарды демеп, оларға Үкімет тарапынан бөлінетін субсидия, жеңілдетілген несиесі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер сияқты мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік беру керек.

Ауылдарымыз шалғайда жатса да, бүгінгі күні жасыл желегі жайқалған, халқы ұйымшыл, біріге атқарса алынбайтын қамал жоқ екенін дәлелдеген, ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дөңгелеткен, айрандай ұйып отыр. Сапалы ауыз суы, мобильдік байланыс, жоғарғы жылдамдық интернет, жоғары сапалы білім беретін орта мектеп, күндізгі балабақша жұмыс жасауда. Дегенмен, әлі де атқарылар істер көп. Ауылдарымыздың болашақта қандай жолмен дамитындығы, оның болашағы біздің қолымызда. Бұл жөнінде өз сайлауалды бағдарламамда айтылатын болады. Басты мақсат – ауыл іргесін аман сақтап, өрі қарай дамыту. Атап айтқанда, жас отбасыларды мемлекеттік бағдарламалар және материалдық қолдау көрсете отырып ауылға тарту арқылы мектеп оқушылары санын арттыру, кәсіпкерлікті дамыта отырып, жұмыссыздықты жою. Ауыл шаруашылығын одан өрі дамыту, қой малы басын арттыру, мал азығы дақылдары және көпжылдық шөп егуді қайта жандандыру, ауыл шаруашылығы техникалары паркін жаңалауға күш саламын.

Қоғамымыздың азаматы ретінде ауылымыздың дамуы мен өркендеуіне өз үлесімді қосуым керек, сондықтан да, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамның назарын талап ететін мәселелерді шешу үшін депутаттыққа түсіп отырмын.

Егер сіздердің таңдауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам:

1. Нарманбет-Айыртас бағытындағы көтерме жолдың сапасын жақсарту мақсатында күрделі жөндеуден өткізілуін қамтамасыз етемін.
2. Айыртас ауылдық округіне өркениет көшінін қалмай, ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту мақсатында ұялы байланыс жүйесін орнатуға жұмыстар жүргіземін.
3. Ортадересін ауылдық округі, Ақжайдақ ауылына орталықтандырылған ауыз су жүйесін тартуға ықпал жасаймын.
4. Ауыл халқының бұқаралық спортпен айналысу деңгейін көтеру, жастарды ауылда тұрақтандыру мақсатында Абай ауылынан спорт зал салынуына ықпал етіп, күшімді саламын.
5. Бүгінгі таңдағы барлық шаруа қожалықтарына ортақ мәселе жемшөп базасы сапасының нашарлығы, жайылымдар мен шабындықтардың тозуы. Мәселені шешуге Абай ауылында жұмыс жасап тұрған «Алаш Агро» ауыл шаруашылығы кооперативінің базасында ШҚ ортақ ақылы қызмет көрсететін сервистік орталық ашып, көпжылдық шөп егетін арнайы техникалар алуға жұмыс жүргіземін.
6. Қусақ ауылдық округі, Шұбартау ауылынан жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында «Тері өңдеу цехын» ашуға инвесторлар тартуға жұмыс жасаймын.
7. Қарабұлақ ауылдық округі, Қарасу ауылына орталықтандырылған ауыз су жүйесін тартуға, 3 шақырым көтерме жолды, өткелді күрделі жөндеуден өткізуге жұмыс жасаймын.
8. Шаруа қожалықтары құрылымдарының ашылуын ұйымдастыру, қой, ірі қара мал бастарының санын ұлғайтуға, олардың өнімділігін экспортқа шығару. Шағын несиесі беру бағдарламаларын іске асыру арқылы жергілікті кәсіпкерлер арасында шағын және орта бизнесте инвестиция тартатындардың санын көбейтуді, жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуға несиелер мен гранттардың бөлінуіне ықпал жасаймын.

Қадірлі жерлестер!

Сайлауалды бағдарламамдағы міндеттерді іске асыруға барлық білімімді, тәжірибемді, күш-жігерімді толық жұмсауға дайынмын. Бағдарламаны орындау арқылы елге қызмет етіп, Әділетті Қазақстан жолында және Ақтоғай өңірінің кемел келешегі үшін аянбай қызмет етемін. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық оң жетістіктерді әрбір азамат өзі сезінуі қажет.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №2 сайлау округінен үміткер Дәкәрім Серікбол Дәкәрімұлының өмірбаяны

Мен, Дәкәрім Серікбол Дәкәрімұлы 1989 жылы 16 шілде күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім.

2005 жылы Қарағанды қаласындағы маңызды білім беру «Болашақ» колледжінің «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Алғаш еңбек жолымды «Жастар практикасы» арқылы 2010 жылы Ақтоғай аудандық Әділет басқармасында бастадым.

2011 жылы «Ақтоғай ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-де өнеркәсіп саласы бойынша маман;

2012 жылдан «Ақтоғай ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-де экономист болдым;

2013 жылдан «Ақтоғай ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-де бухгалтер болдым;

2014-16 жылдары Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы Ақтоғай ауданы филиалында менеджер-кеңесші;



2016 жылы «Ақтоғай ауданы өкімі аппараты» ММ-де ұйымдастыру бөлімінде бас маман;

2016 жылдың 15 қыркүйегінен бастап Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы Ақтоғай ауданы филиалының директоры болып қызмет етемін.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті ақтоғайлықтар, қадірлі ауылдастар!

Егер сіздердің қалауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам:

1. Ауданның бизнес саласын дамытуда мемлекет тарапынан қарастырылған бағдарламаларды халыққа түсінікті тілде жеткізуге, халықтың кәсіп ашуда кездесетін кедергілердің алдын алудағы жұмыстарды атқаруға.
2. Бизнес пен атқарушы билік арасында көпір болып, кәсіпкерлердің мәселелерін жоғарғы деңгейде қорғауға.
3. Жастардың кәсіп ашуына жағдай жасау, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын қолжетімді ету.
4. Елдің өл-ауқатын арттыру, халықтың үніне құлақ асу, қоғамдық пікірді зерттеу, көпшілік тыңдаулардың тұрақты жүргізілуіне қол жеткізу.
5. Ауданның ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушылардың өнімдерін өткізу басты мәселе, осы мәселенің шешілу жолдарын табу.
6. Ауданымызда жастар тұрақтамайды, аудан бойынша жастар резервін жасауға ықпал ету.
7. Аудан бойынша шаруа қожалығы иелерінің және басқа да бизнес өкілдерінің басым бөлігі зейнеткерлер. Осы орайда көптеген шаруашылықтар мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана алмай отыр. Осы мәселені жоғары деңгейде көтеру.
8. Ауданаралық, ауыларалық жолдардың сапалы жасалуын қадағалау.
9. Аудан бойынша аграрлық, ауыл шаруашылығы бағытындағы, медицина саласындағы мамандар жеткіліксіз. Керекті мамандарды ауданымызға тарту

жұмыстарын ширатуға.

10. Салауатты өмір салтын тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында мәдениет және спорт саласына көңіл бөліп, түрлі мәдени шаралар ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге белсене атсалысамын.

11. Жалпы аудан көлемінде алдағы уақытта салынатын құрылыстар, өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыстардың сапалы өтуіне, қаржы көздерінің дұрыс жұмсалыуын қатаң бақылауға алу.

12. Соңғы кезде жастарымыздың дәстүрлі дінге бет бұруы қуантады. Сол себепті жастардың дұрыс діни көзқарас қалтастыруы мақсатында жұмыстарды қатаң бақылауға алуға.

13. Сонымен қатар, ауданымыздың тұрмыстық өл-ауқатын жақсарту мақсатында күрделі мәселелерді, атап айтсақ, жарықтандыру, жылу, ауыз су, абаттандыру, балаларға арналған ойын алаңдары мен спорт алаңдары жайындағы тұрғындарымыздың талап-тілектерін де ескерусіз қалдырмайтынымды жеткізгім келеді.

Менің осы уақытқа дейін еңбек жолым кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында болды. Ес білгелі ауданымыздың бизнес саласын дамыту арман еді. Ауданның бизнес өкілдерінің құқықтарын қорғау мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Ел арасында көп жүремін, сонда байқағаным, ауданымыздың ақсап тұрған, шешуді талап ететін көптеген мәселелер бар. Осы қордаланған мәселелерді шешу, қарапайым халықтың жағдайын жақсарту, жастардың болашаққа деген сенімін арттыру – менің алға қойған мақсатым. Ендігі кезекте бар жиған білімімді, тәжірибемді, күш-қуатымды елдің дамуына, өркендеуіне жұмсауға бел буып, алдағы сайлауға түсте төуекел еттім.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №9 сайлау округінен үміткер Көккөзов Думан Төлүбайұлының өмірбаяны

Мен, Көккөзов Думан Төлүбайұлы 1975 жылдың 5 қарашасында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келдім. Тасарал ауылынан сегізжылдық мектебін 1990 жылы бітіріп, 1992 жылы «Гүлшат» совхозында он бір жылдық мектепті тәмамдадым.

20.07.1992-15.03.1993 жылдары Балқаш қаласындағы №7 орта кәсіптік-техникалық училищесінен дөңкерлеуші, көлік жүргізушісі мамандығы бойынша білім алдым;

15.03.1993 жылы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы колхозында балықшы;

1994-1995 жылы әскер қатарында азаматтық борышымды өтеуге бардым;

1997-2000 жылдары судна матросы болып ауыстырылдым;

2000-2004 жылдары ЖШС «Ағыбай батыр» фирмасында балықшы;

2004-2005 жылдары ЖШС «Ағыбай батыр» фирмасында холодильщик;

2005-2016 жылы ЖШС «Ағыбай батыр» фирмасында балықшы;



2016 жылдан бастап ЖШС «Қызыл қазақ» фирмасында балықшы; 03.01.2018 жылдан бастап Тасарал ауылдық округінің әкімі аппаратында автокөлік жүргізуші болып жұмыс жасаймын. Жанұямда жұбайыммен бірге бір қыз және үш ұл тәрбиелеудемін.

Сайлауалды бағдарлама

Әрбір адамға жеткілікті өмір сүру жағдайын жасағанда, ертеңгі өмірге сенімін арттырғанда ғана мемлекетіміздің, ауылымыздың гүлденуіне кепілдік беруге болады. Адамға қамқорлық жасау бұл тек қана экономикалық қажеттілік. Әрбір жасалынатын игілікті іс тек қана адам үшін дейтін уақытқа жетті. Бағдарламадағы ең басты басымдылық халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Маған мәслихат депутаттығына сенім білдірген жағдайда өзім депутат болып түскен сайлау округінің қамы үшін және ойымда жүрген басқа да мәселелерді шешуге жұмыс жасаймын. Депутат болып сайланған жағдайда төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жасаймын:

– Тәуелсіз еліміздегі халықтар арасындағы бірлікті сақтауды, Президентіміздің саясатын қолдауға, ел Үкіметінің, облыс және аудан әкімдерінің жоспарының орындалысын қамтамасыз ету және жас ұрпақ арасындағы имандылық тәрбиесін басты назарда ұстау;

– агроөнеркәсіптік өнімдердің бөсекеге қабілеттілігін арттыру. Ол үшін ауыл-шаруашылық жануарларының өнімділігін еселу мақсатында асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, ауылдық округке қарасты шаруа қожалықтары мен жеке аулаларға республикалық бағдарламалар арқылы несие алу жұмыстарын ұйымдастыру;

– ауыл тұрғындары мен шаруа қожалығы жетекшілеріне несие және лизинг арқылы ауылшаруашылық техникаларын жаңарту, базасын нығайтуға жұмыстар ұйымдастыру;

– жеке аула иелері мен шаруа қожалықтары арасында АТК құру жұмыстарын ұйымдастыру;

– ауыл жастары мен мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру мақсатында клуб үйінің материалдық-техникалық базасын жаңартуды ұйымдастыру;

– ауылды абаттандыру мәселесі бойынша көше жарықтарын көбейту, ауыл арасындағы жолдарды асфальттауды ұйымдастыру;

– бұқараның әлеуметтік-экономикалық жағдайын үнемі бақылауда ұстау, халықтың жай-күйінің артуына жергілікті атқарушы органдармен, әкімдермен бірлесіп отырып, алға қойған даму жоспарларының орындалысын іске асыру, жетістіктерге жетудің ең тиімді жолдарын ойластыру, бөйкүйездіктің кесірін қоғамда бел алып кеткен жұмыссыздықты жоюға кешенді жұмыс жүргізу, мүгедектер мен зейнеткерлердің хал-ахуалының үнемі бақылауда болып, олардың жағдайларының артуына жұмыстар жүргізу.

Жоғарыда аталған жайттар ауыл тұрғындарының күнделікті өмірдегі күні бүгінге дейін шешімін таппай немесе жартылай шешілген мәселелер деп есептеймін. Көңіл қойып ықпалдатылықпен, халық үшін жұмыс атқарылса, бұлар қолдан келетін істер. Заман талабы өзгеріп, көшіміз түзелетін шақта депутат болып сайлансам, осы жұмыстарды атқаруға және ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын қорғап, сіздердің үлкен сенімдеріңізге ие бола отырып еңбектесемін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №3 сайлау округінен үміткер Керімбай Ерден Мәрленұлының өмірбаяны

Мен, Керімбай Ерден Мәрленұлы 1994 жылдың 4 тамызында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім.

2015 жылы Қазақ қатынас жолдары университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша, 2019 жылы «Фемид» университетін «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2013 жылы «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де есепші болып бастадым.

2016-2018 жылдары Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімінде есепші;

2018-2019 жылдары Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімінің есепшісі;

2019 жылдан осы уақытқа дейін



«Ақтоғай-су» ЖШС директоры болып жұмыс істеймін. «Ақжол» партиясынан 7-шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты болдым.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті ауылдастар!

Өзін Тәуелсіз Қазақстанның шынайы патриотымын деп санайтын әрбір азамат, өз елінің қоғамдық өмірінен тыс қала алмайды. Және де ол жас айырмашылығымен шектелмейді. Дана қазақ «Асыл тастаң, ақыл жастан» деп бекерден бекер айтпаса керек. Олай болса, ауданымыздың келешегі мені де бей-жай қалдыра алмайды. «Жас келсе іске» дейтін де біздің дана қазақ. Демек, аудан өміріне араласып, жастық жалынды, күш-жігерімді, ақыл-қайратымды сарқа жұмсау менің перзенттік парызым деп білемін. Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне өзімді елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы патриот жас ұрпақтың өкілі ретінде саяси додаға түсіп, бағымды сынап көрмекпін.

Ондағы мақсатым – ауданымыздың экономикалық-әлеуметтік ахуалын арттырып, аудан халқының рухани-тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуға шама-шарқымша өзіндік үлесімді қосу.

Мен депутат бола салып, айды оңынан, күнді солынан туғызамын деп сіздерге жалған уәде беруден аулақпын. Алайда, депутаттық құзыретке ие бола қалсам, қолымнан келгенше кезек күттірмейді деген мәселелерді шешудің жолын іздестіріп, өзіндік пікір-

көзқарасымды нақты жүзеге асыра алатындығыма сіздерді сендіре аламын.

Құрметті сайлаушылар! Алланың қалауы, сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, аудандық мәслихатқа депутат болып сайлана қалған жағдайда, мен төмендегі бағдарламаны басшылыққа ала отырып, халық үдесі мен мүддесінен шығуға сендіремін.

• Ақтоғай ауылы халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуіне ауылдастарыммен бірігіп жұмыс жасап, олардың дауысын тиісті орындарға жеткізуге дөңкер болу;

• Ел ертеңі – жастар, еңдеше, жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуына; олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға; бос уақыттарын мазмұнды өткеруге; спорттың бұқаралығын арттыруға; жас мамандарды ауылға тартуға; олардың баспанамен қамтылуына;

• Жастардың кәсіби сауаттарын ашу мақсатында семинар-тренингтер өткізуге; сондай-ақ олардың жеңілдікпен несие алуларына кәсіпкерлікті дамыту мақсатында, жас кәсіпкерлерді қолдау, көмек беру, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларын жан-жақты қолдауға;

• Аудан көлеміндегі өнерлі жастарға, талантты спортшыларға, дарынды оқушылардың облыстық, республикалық, жақын шетелдерде өтетін түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысуларына атсалысуға;

• Ақтоғай-Ақтас бағытындағы аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеуге құжаттарын өзірлеуге және оны одан әрі жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

• Ақтоғай ауылының 4-кезектегі су құбыры желісінің құрылысын іске асыруға;

• Ақтоғай ауылының көріз құбырының тұрғындардың талап-тілектері бойынша іске асырылуына;

• «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясындағы Қуаныш ауылының су құбырының мерзімінде және сапалы аяқталуын бақылауға;

• Облыстық маңыздағы Қарағанды-Ақтоғай-Балқаш бағытындағы (160-210 шақырым) автомобиль жолының орташа жөндеу жұмысын іске асыруға және алдағы уақытта республикалық маңыздағы жолға дейін сапалы жөндеудің қамтамасыз етілуіне;

• Талбесігіміз Тоқырауын өзенінің көркі болып тұрған жасыл желектердің шектен тыс қиылуы, түрлі өсімдік ауруларына шалдығу нәтижесінде апатты жағдайда тұруы мені қатты алаңдатады. Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған жағдайда, менің басты қолға алатын істерімнің бірі – осы Тоқырауын өзені бойындағы жасыл желекті қалпына келтіру мақсатында тал көшеттерін жоспарлы түрде егуді қолға алу бастамасын көтеру болмақ.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді атқарушы билікпен бірлесіп отырып шешуге болатындығына көзім жетеді. Алаштың ақиық ақыны Мағжанша айтсам, «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін...» дегендей, алдағы саяси додаға түсіп отырғаннан кейін, маған қолдау көрсетерсіздер деп ойлаймын. Таңдауларыңызды дұрыс жасайтындарыңызға сенімдімін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №7 сайлау округінен үміткер Омарбеков Нуржан Мухамбеталиұлының өмірбаяны



Мен, Омарбеков Нуржан Мухамбеталиұлы 1982 жылы Қарағанды облысының, Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде дүниеге келдім. 1989-1999 жылдар аралығында Сарышаған кентіндегі Ағыбай батыр атындағы жалпы орта білім беретін мектепте оқыдым. 1999 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан көлік және байланыс академиясына түсіп, 2003 жылы инженер және экономист мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

Сайлауалды бағдарлама

Ата Заңымызда көрсетілгендей, еліміздің ең үлкен байлығы – Адам және оның құқықтары.

Менің сайлауалды бағдарламам қоғамдағы бүгінгі күні ең өзекті болып отырған төмендегідей мәселелерді шешуге негізделген:

1. Бюджет қаражатын бөлуге, төндерлер өткізуге саяси партия, қоғамдық ұйымдарды қатыстыру арқылы ашықтыққа, әділеттілікке және жариялылыққа қол жеткізу.
 2. Коммуналдық қызметтер бағасын мемлекеттік реттеу, оларды бекітуді жергілікті мәслихатқа беру.
 3. Өскемен ұрпақ арасында тегін қызмет көрсететін спорттық секция, зал алаңша мен үйірмелер ашуға қол жеткізу.
 4. Бүгінгі таңда сын көтермейтін педагог кадрларды дайындау мен қайта даярлау сапасын жақсарту.
 5. Жалпы білім беретін мекемелерді заманауи ақпараттық технологиялармен 100% қамтамасыз етуге қол жеткізу.
 6. Мемлекеттік тұрғын үйді бөлу барысында, ең бірінші басымдық жас отбасылар мен көпбалалы отбасыларға берілуі тиіс.
 7. Қазіргі кезде ұжымдағы орны айқындалмаған кәсіподақтардың жұмысын жандандыру.
 8. Қоғамда, оның ішінде, мемлекеттік білім беру мекемелерінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды ұлғайту және ұжым басшыларын ұжым мүшелерінің өз араларынан сайлауына қол жеткізіп, азаматтық қоғам құру шараларын іске асыруды бастау мәселелерін көтеру.
 9. Егер қоғамымыздағы әр азамат өз құқығын өзі қорғауға әрекет жасай алмаса, жемқорлықпен күрестің қай түрі болмасын, өз жемісін бере алмайтыны белгілі. Сондықтан, халықтың құқықтық сауатын көтеру мақсатында, тегін құқықтық кеңестер беретін кеңсе немесе бюроларды ашу мәселесін көтеру.
 10. Ауыл жастарына кәсіби білім алып, туған ауылына тұрақтанып, қызмет етуіне қолайлы жағдай жасаймын.
 11. Ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға үлес қосамын.
 12. Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.
 13. Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан-жақты қолдау жасау, яғни мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуді ұйымдастыру болмақ.
 14. Ауыл шаруашылығы бойынша асыл тұқымды шаруашылықтардың дамуына күш саламын.
 15. Ауылда жылжымай салуды қолға алатын боламын. Ол қаншама отбасылардың өз аулдарынан, жер телімдерінен көп пайда табуға болатынына сенімдімін.
- Әрбір адамға жеткілікті өмір сүру жағдайын жасағанда, ертеңгі өмірге сенімін арттырғанда ғана мемлекетіміздің, ауылымыздың гүлденуіне кепілдік беруге болады. Адамға қамқорлық жасау бұл тек қана шақыртқы емес, экономикалық қажеттілік. Әрбір жасалынатын игілікті іс тек қана адам үшін дейтін уақыт жетті. Бағдарламадағы ең басты басымдылық халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.
- Сайлана қалған жағдайда бар күш-жігерімді ауылымыздың экономикалық және әлеуметтік өркендеуіне бағытталған реформаларды жүзеге асыруға жұмсайтын боламын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №11 сайлау округінен үміткер Мүкәрам Тоты Мейрамқызының өмірбаяны



Мен, Мүкәрам Тоты Мейрамқызы 08.03.1998 жылы Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. 2004 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылындағы Айыртас жалпы білім беру мектебінің табалдырығын аттадым. 2012 жылы Балқаш қаласындағы №8 мектепке ауыстым. 2013 жылы Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжіне «Дене тәрбиесі және мәдениеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2017 жылы аталмыш білім ордасын ойдағыдай аяқтадым. 2017 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне «Дене тәрбиесі және мәдениеті» мамандығы бойынша жоғарғы (бакалавр) оқуға түсіп, 2020 жылы тәмамдадым. Аталған жоғарғы оқу орнын сырттай оқып жүріп, мамандығым бойынша Балқаш қаласында КГКП «Таңполлан» балабақшасында дене шынықтыру нұсқаушысы болып жұмыс істедім. 2019

жылдың 11 наурызынан бастап, осы уақытқа дейін Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы қызметін атқарамын.
Отбасылымын, 1 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті жерлестер!

Алдағы Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы – еліміздегі аса маңызды саяси процесс. 19 наурыз күні өтетін сайлау сайланбалы органдардың мәртебесін көтеріп, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын іске асырудың нақты тетігі.

Осы жолғы сайлау – Жаңа Қазақстанның сайлауы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру туралы бастама көтерді. Өз басым бұл идеяны қолдаймын. Өйткені, оның бастауында Қазақстан халқының отыз жыл бойына аңсап келе жатқан армандары мен ақниеті жатыр.

Жаңа Қазақстан бастамасының бір ұстанымы – билік жүргізгенде халықтың ойы мен пікірін ескеру деп санаймын. Сондықтан да, мен өзімнің жастық жалынды жігерім мен елмен етене араласып жүрген тәжірибемді ескеріп, Ақтоғай аудандық мәслихаты депутаттығына сайлауға түсуге бел будым. Сіздердің қолдауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам, халықтың ой-пікірін, талап-тілегін билік назарына жеткізуге бар күшімді саламын. Депутаттыққа өз кандидатурамды ұсына отырып, ауыл тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Ауылдық округ тұрғындарын және ауылдағы өзекті мәселелерді біле отырып, депутат ретінде ауылдық округ әкімі аппаратымен, жұртшылықпен және кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеу және ауыл өміріне белсенді қатысу үшін өз бағдарламамды ұсынып отырмын.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Ақтоғай ауданында мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыстанатын боламын.

1. «Ауыл – халық руханиятының дінгегі, мәдениетінің мәйегі, елділігінің бастауы, дәстүрінің қайнар көзі». Сондықтан, алдағы уақытта депутаттық мандатымды пайдалана отырып, елді мекен тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқаратын боламын.
2. Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу.
3. Жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру, болмаған жағдайда жаңадан салғызуға ықпал ететін боламын.
4. Ел экономикасының негізгі құрушысы – шағын және орта кәсіпкерлік. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға баса назар аударылатындығын айтқан болатын. Бизнесімізге алға бастыруда Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламаның берері мол. Осы мақсатта ауылдық жерлерде төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.
5. Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, қолда бар мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру.
6. Шалғай ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс жасап, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау.
7. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
8. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру.
9. Ауыл мәдениетінің дамуына, елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №6 сайлау округінен үміткер **Рахимов Бекзат Хазиханұлының** өмірбаяны



Мен, Рахимов Бекзат Хазиханұлы Қарағанды облысында 30 қаңтар 1990 жылы дүниеге келдім. Білімім жоғары, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірдім. Қарағанды индустриялық университеті «Өнеркәсіптік азаматтық құрылысы» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолым коммуналдық салада 10 жылдан жоғары. Қазіргі уақытта Шашубай кентіндегі "Ақтоғай Энерго" ЖШС филиалының директоры болып жұмыс істеймін.

Сайлауалды бағдарлама

Халықтың аманат жүгін арқалап, зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Кенттің тозығы жеткен жолдары, абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүйеге келтіру және жастарымыздың өркендеуіне спорттық нысандардың құрылысы бәрімізді де толғандырады.

Егер сіз маған сенім білдіріп, біздің аудандық мәслихатында өз өкіліңізді сайласаңыз, онда мен өзіме нақты міндеттер қойып, оларды шешуге тырысамын.

Шашубай кентіміздің тұрғындарының проблемалық мәселелерін шешуде жан-жақты қолдау көрсету;

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы проблемаларды шешуге қол жеткізу;

Медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту;

Зейнеткерлерге, ардагерлерге, мүгедектерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көп балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау;

Заңнамаға сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелеріне жәрдемдесу;

Кентіміздің аумақтарын абаттандыруға, көгалдандыруға жәрдем көрсету;

Коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды шешу – жылумен жабдықтау, электр желілерін жабдықтау және де қажетті техникалармен қамтамасыз ету;

Орталық жаңа қазандықты кентімізден тысқары жерде орналастыру;

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау жүргізу;

«Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау;

Балалар ойын аландарын орнату;

Кентімізде кәсіпкерлік пен туризм саласын дамыту;

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №10 сайлау округінен үміткер **Сембаева Алина Топеркуловнаның** өмірбаяны



Мен, Сембаева Алина Топеркуловна 1973 жылы 29 желтоқсанда Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. 1979 жылы 1 сыныпқа №2 Абай атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 5 сыныпқа дейін білім алдым. 1984 жылы Гүлшат елді мекеніндегі №27 орта мектепке ауысып, 1990 жылы 10 сыныпты тәмамдадым. 1990-1991 жылдары Балқаш сервис колледжіне оқуға түсіп, «Менеджмент-салалар бойынша аралас тауар сағушы» мамандығы бойынша білім алдым. 2021 жылдан бері Ортадересін ауылдық округі кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқарамын. Тұрмыс құрғанмын.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті жерлестер!

ҚР Президентінің бийлығы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Ондағы мақсатым ауданымыздың экономикалық-әлеуметтік ахуалын арттырып, аудан халқының рухани-тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуға шама-шарқымша өзіндік үлесімді қосу. Республика президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділетті Қазақстан құру жолында тың бастамалар көтеріп отыр. Бұл – заман талабы. Халық пен билік арасында тығыз байланыс орнауы қажет. Осы орайда, халық қалаулыларының көтеретін жүгі ауыр. Еліміздің баға жетпес құндылығы – Тәуелсіздігіміз. Ел бірлігі – тәуелсіздігіміздің алтын тұғыры. Сөзден іске көшетін кез келді. Елім деген азаматтардың елге қалтқысыз қызмет ететін шағы туды. Түбегейлі өзгеретін кез жетті.

Депутаттық мандат пен мансапты шатастырмау қажет. Мен – ешқандай қызметі мен бизнесі жоқ, қарапайым ауыл тұрғынымын. Қарапайым шаруа отбасында дүниеге келдім. Мақсатым – елдің денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуда және сапалы білім беру бағытында тың бастамалар көтеру. Аудан халқының заман талабына сай дамуына үлес қосу. Бұл – менің азаматтық ұстанымым.

Білімім мен өмірлік тәжірибем, күш-жігерім жауапкершілігі мол аманаты зор жұмысты атқаруға жеткілікті деп ойлаймын. Бақ пен бабым бірге шауып, сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, аудандық мәслихатқа депутат болып сайланып жатсам, менің бірінші кезекте басты назарға алатын ұстанымым – маған артқан сенімдеріңізден шығу.

Құрметті сайлаушылар! Сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, аудандық мәслихатқа депутат болып сайлана қалған жағдайда мен төмендегі бағдарламаны басшылыққа ала отырып, халық үдесі мен мүддесінен шығуға сендіремін.

№10 сайлау округінен Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты болып сайлансам, өңір халқының

көкейінде жүрген түйткілді мәселелері бойынша төмендегі жұмыстарды жасаймын:

- Ауылдың әлеуметтік-экономикалық және көкейтесті мәселелерін шешу;
- Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерліктің 2017-2021 жылдарға арналған Еңбек бағдарламасы, «Сыбаға» бағдарламалары мен ауыл ішінде орналасқан шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау, шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесу;
- «Дипломмен – ауылға» жобасының ауылдық округте іске асуына қолдау көрсету, ауылдық округімізге жас мамандар тартып, оларға әлеуметтік тұрғыдан қолдау жасап, жан-жақты көмек көрсету;
- Ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани тұрғыдан дамуына мейлінше қолайлы жағдай қалыптастыру;
- Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы: космобототехника, виртуалды зертханалар, цифрлы-лингфонды 3D кабинеттер;
- Сапалы жол, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым: жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарық шамдары, абаттанған аулалар;
- Жастарды ауылға тарту және тұрақты жұмыспен қамту, балалар мен жасөспірімдердің өз уақыттарын тиімді өткізулеріне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау;
- Халық үніне құлақ асатын мемлекет: Әділетті мемлекет, Әділетті қоғам, Әділетті экономика;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: «Адал ұрпақ», «Парасат мектебі», «Адалдық алаңы» жобалары.

Құрметті сайлаушы!

Халқыма қызмет ету бұйырса, өздеріңіз аманаттаған жауапкершілігі мол жұмысты барлық тәжірибем мен күш-жігерімді салып атқарамын деп сендіремін. Өз болашағымыз – өз қолымызда. Таңдау сізде. Сайлауға қатысыңыз, маған дауыс беріңіз!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №4 сайлау округінен үміткер Каппарова Клара Сагиндыковнаның өмірбаяны

Мен, Каппарова Клара Сагиндыковна 1970 жылы 13 ақпанда дүниеге келдім. 1978 жылы Ақшатау кентіндегі С.М.Киров атындағы орта мектепке 1-сыныпқа барып, мектепті Нұркен ауылы, Н.Әбдіров атындағы орта мектебінде 10 жылдық 1988 жылы бітірдім. 1988 жылы Алматы қаласының Политехникалық институтына түсіп, 1995 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің мұнай факультетін тау-кен инженері-геолог мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

Жоғары оқу орнын бітірген соң, мамандығым бойынша ауылда жұмыс болмағандықтан, ата-анамның қасында, шаруа қожалығының құжаттарын реттеуге, мал шаруашылығымен айналысып, шаруашылықтың өркендеуіне көмектестім. 1996 жылы тұрмысқа шығып, 2009 жыл аралығында отбасы, бала тәрбиесімен үй шаруашылығында болдым.

2009-2011 жылдар аралығында «Орталық Қазақстан технология және менеджмент институты» колледжінің экономика саласы бойынша мамандығын, 2014-2016 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Жерге орналастыру» мамандығын, 2019-2021 жылдары Орталық Қазақстан Академиясының «Құқықтану» мамандықтарын тәмамдадым.

04.05.2010-09.02.2015 жылдары Қарағанды облысы «Еңгілес мемлекеттік кәсіпорын ғылыми өндірістік орталығы» (ЕМК ҒӨО) Ақтоғай ауданы филиалы бөліміне оператор ААЖ-МЖК (АИС ГЗК) маманы болып жұмысқа тұрдым. 09.02.2015-08.04.2016 жылдар аралығында «Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы» Тіркеу және жер кадастры Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы бойынша филиалының бөлім басшысы лауазымы; 08.04.2016-10.08.2016 ж. аралығында «Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы» Тіркеу және жер кадастры Ақтоғай ауданы филиалы бөлім жетекшісі; 10.08.2016-09.03.2017 жылдар аралығында «Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы» Тіркеу және жер кадастры Ақтоғай ауданы филиалы бөлімінің жерге орналастыру маманы; 2017-2020 жылдары «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-де жұмыс жасадым.

Отбасылымын, үш балам бар. Қамқорлығымда тағы екі балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Қымбатты жерлестер!

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үрдісінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сезінемін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Ақтоғай ауданында мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуға жұмыстанатын боламын:

1. Жаңа әлеуметтік саясат аясында:
 - Ауыл жастарының бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау;
 - ауыл әйелдерінің тұрмысын жақсарту және олардың жеке кәсіппен айналысуына жол ашу;
 - көпбалалы аналарға көмек көрсету;
 - асыраушысынан айырылған аналарға көмек қолын созу;
 - ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды қорғау;
 - әйел жұмыссыздығы, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, зорлық-зомбылық мәселелерін жою жолдары.

2. Ауылдық округтерді дамыту, экономикалық өрлеу бағытында:

- Ауылдағы мектеп және саябақ алаңдарында ойын-сауық алаңдарын ашу, спорттық жаттығу құралдарымен жабдықтау, ауланы абаттандыру;
- ауылдарда отандық өнімдерді өндіру жолдарын қарастыру.

3. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін қолдау және мәртебесін арттыру:

- Мал шаруашылығымен айналысатын еңбеккерлерге және шаруашылық қожалықтарына ақпараттық жүйелерді жасай отырып, жеңілдетілген несиелерге қол жеткізу, құжаттарды ресімдеуге кеңес беру;



- бөлінген қаражат көздерінің дұрыс игерілуіне ықпал жасау;

- сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оларға құқықтық тұрғыда бақылау жасау.

4. Заманауи жаңғыру және бизнес жолдарын жаңарту:

- Жеке кәсіпкерлердің бизнеспен айналысуына жан-жақты қамқорлық жасау мен құжаттарды ресімдеу жолдарына көмек көрсету.

5. Ауылдағы ұлттық мәдениет және өнерді шыңдау бағыты:

- Ауыл балаларының мәдени дамудағы үйірмелерге демеушілік жасау;

- өнер үйірмелері мен спорттық жаттығуларына жағдай жасау, болашақ бағдарламалармен сабақтастыру;

- ауылдық жерлердегі мәдени-сауықтандыру ойындарына және іс-шараларды өткізуге ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлау.

Қымбатты жерлестер!

Менің осы ұсыныстарыма сеніммен қарап, қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Өмірлік тәжірибе жолдарымды негізге ала отырып, ауыл адамдары үшін жанашырлығымды бөлісіп, ауыл адамдары үшін қажетті заманауи жұмыстарды бірге шешуге шақырамын.

Халқы мен елін ойлаған адам әрқашан ұлты үшін, ауыл адамдары үшін қызмет етеді. Мен де, сондықтан, өмірімде барлық жақсы дүниемді халқыма арнағым келеді.

Сондықтан, мен жерлестерімді алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, еліміздің, оның ішінде ауыл тұрмысын жақсартуға жеке атыман және халық атынан дауыс беруге шақырамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №3 сайлау округінен үміткер Тұяқбай Думан Талғатұлының өмірбаяны

Мен, Тұяқбай Думан Талғатұлы 1996 жылы 16 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылында дүниеге келдім. 2003 жылы Жабас Кеңесбаев атындағы мектепке бардым.

2014 жылы мектепті бітірдім. 2014 жылы Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжіне дене тәрбиесі және спорт мамандығына түстім. Колледжде оқып жүргенде көптеген жарыстарға қатыстым. Футбол, волейбол, бокс, дебют сынды т.б. жарыстарға қатыстым. Өн айттым, көптеген сахналарға шықтым, жүлделі орындар алдым.

2017 жылы Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжін дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша бітірдім. Үздік диплом иегері болдым. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін бітірдім. 2017 жылы 1 қыркүйектен бастап №6 ЖББО мектепте жұмыс жасадым. 2018 жылдың 20 маусымында «Педагог-модератор» біліктілігін алдым. 2018 жылы қосымша Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжінде жұмыс жасадым. 2021 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында мәслихат депутаты болып сайландым. 2022 ж. қазіргі таңда «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің (РО) жанындағы интернаты» КММ-де дене шынықтыру мұғалімі болып жұмыс жасаймын. 2022 жылы «Педагог-сарапшы» біліктілігін алдым.

Сайлауалды бағдарлама

Ақтоғай ауданының тұрғыны ретінде мен жақын арада ауылда шешілуі қажет мәселелерді жақсы білемін. Мен өңіріміздің шалғай ауылдарының жиналған мәселелерімен танысып, Менің бағдарламам «Ауыл» ХДПП сайлауалды платформасына негізделген және көптеген мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді.

1. Әлеуметтік салада:

- білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы мәселелерді шешу;
- білім беру, денсаулық сақтау және спорт саласындағы жас мамандардың тұрғын үй мәселелерін шешу;

- медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

2. Коммуналдық салада:

- жергілікті және облыстық маңызы бар жолдардың сапасын жақсарту;
- көшелерді абаттандыру және жарықтандыру мәселелеріне жәрдемдесу.

3. Құқық қорғау саласында:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты және үздіксіз күрес жүргізу, қарапайым азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- мемлекеттік бағдарламалар мен бюджет қаражаты шеңберінде бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуын бақылау.

4. Экономика және кәсіпкерлікті дамыту саласында:

- жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың еңбекақысын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- қолданыстағы заңнама шеңберінде өз сайлау округі кәсіпкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

№3 сайлау округінің құрамына Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12, Ә.Бөкейхан атындағы мектеп ғимараты, Ақтас және Қуаныш ауылдары кіреді. Аталған ауылдық округтерде жолдардың сапасын жақсарту, халықтың бос уақытын тиімді пайдалануын қамтамасыз ету, клубтарды жөндеу және тағы сол сияқты өткір мәселелер бар.

Ауылдық округтер бөлінісінде мен мынадай мәселелерді шешуге жәрдемдесетін боламын.

Ақтоғай ауылы бойынша:

- Бос тұрған кеңсе ғимаратына техникалық сараптама және күрделі жөндеу жүргізу;
- ФАП құрылысы;

- Мектепте күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;

- Ұлттық спорт (асық, тоғызқұмалақ, қазақ күресі және ат) түрлерін дамыту;

- балалар ойын алаңдары;

- саябақ құрылысы.

Ақтас ауылы бойынша:

- Ақтоғай-Ақтас 30 км жолына күрделі жұмыстар жүргізу;

- Мектепті күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;

- Ойын алаңын орнату;

- Су құбыры желілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қадағалау.

Қуаныш ауылы бойынша:

- Әкімдіктегі көлікті жаңарту;

- Мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Құрметті сайлаушылар!

Менің сайлауалды бағдарламам Ақтоғай ауданының әрбір тұрғынының өл-ауқатын арттыру бойынша нақты істерді орындауға бағытталған!

Сайлауалды уәделерді орындау нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық, тұрғын үй және жол инфрақұрылымының өзекті мәселелері шешіледі, медициналық қызметтер көрсету, білім беру және басқа да салалардың сапасы жақсаралды.

Сіздерді дұрыс таңдау жасауға және алдағы сайлауда менің кандидатурамды және «Ауыл» партиясын қолдауға шақырамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).



Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №9 сайлау округінен үміткер Сагиндыков Нурлан Абилакимовичтің өмірбаяны

Мен, Сагиндыков Нурлан Абилакимович 1987 жылдың 17 сәуірінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келдім. Тасарал ауылынан он бір жылдық мектебін 2004 жылы тәмамдадым.

2004-2008 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алдым.

2008-2009 жылдары Тасарал жалпы білім беретін орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі; 2009-2010 жылдары әскер қатарында азаматтық борышымды өтедім; 2010-2021 жылдары ЖШС «Қызыл қазақ» фирмасында балықшы болдым;

2021 жылдан бастап Тасарал жалпы білім беретін орта мектебінде АӘД пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаймын.

Отбасылымың, екі қызым бар.



Сайлауалды бағдарлама

Қымбатты жерлестер!

Мен қасиетті Тасарал жерінде туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымыздың басынан өткен әр кезеңдерінен жақсы хабардармын. Жоғары оқу орнын бітіріп, ұстаздық жұмысқа тұрғаннан бері осы өңірді дамыту жолындағы сан алуан жұмыстарға ауылымның патриоты ретінде белсене араласып келемін. Бұл бағыттағы жұмыстарымды халық біледі. ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері мәслихат депутаттары арқылы шешілетіні белгілі. Тасарал ауылында да шешімін күткен мәселелер баршылық. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, ауылымызда мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыстанатын боламын:

Президентіміздің «Жаңа Қазақстанның Жаңару жолына» қағидасын берік ұстана отырып, әрбір ісіміз халықпен тығыз байланыста болуы керек. «Халық үніне құлақ асатын мемлекетте» өмір сүріп жатқандықтан, сіздердің үндеріңізді өркез жоғарғы жаққа жеткізіп отыруға уәде беремін;

- Халықтың сенім жүгін арқалап, зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Ауылдағы жол ауыз су мәселелері және абақтандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүйеге келтіруге;
- Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету; «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жастарды ауылға шақырып, баспанамен қамтамасыз ету;
- Денсаулық сақтау мен білім берудің үздік стандарттарына қол жеткізу;
- Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау. Облыстық, аудан әкімдерінің гранттарын алудың жолдарын түсіндіру.

Жергілікті тұрғындармен, ақсақалдар алқасымен, қоғамдық кеңесімен келісе отырып, елдегі өзекті мәселелерді негізге ала отырып, әр жылдардағы туындаған мәселелерді мінберден көтеріп, жұмыстарды жоспарлау және жүзеге асыруға ықпал етемін.

Зейнеткерлердің, мүгедектердің, тұрмысы ауыр отбасылардың әлеуметтік құқықтарын қорғау, оларды үнемі қамқорлыққа алуды күнделікті жұмыстардың ажырамас бір бөлігіне айналдырамын.

Ауыл азаматтарының өмір сүру сапасын жаңа-жаңа арттыру негізгі басымдықтардың бірі болып саналады.

Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру;

Бұған дейін атқарылған және қазіргі жүргізіліп жатқан игілікті істерді ары қарай жалғастырып, ауылдың экономикасын, әлеуметтік жағдайын одан әрі өркендету үшін аянбай еңбек етемін және ары қарай өркендеп дамуына, алдыңғы қатарлы ауылдар қатарынан көрінуіне барлық күшімді салып, жұмыс жасау қолымнан келетініне сенімдімін.

Әрбір адамға жеткілікті өмір сүру жағдайын жасағанда, ертеңгі өмірге сенімін арттырғанда ғана мемлекетіміздің, ауылымыздың гүлденуіне кепілдік беруге болады. Адамға қамқорлық жасау бұл тек қана шақыртқы емес, экономикалық қажеттілік. Әрбір жасалынатын игілікті іс тек қана адам үшін дейтін уақыт жетті. Бағдарламадағы ең басты басымдылық халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Аграрлық өнімдерді сатып алу, тасымалдау, сақтау, өңдеу саласында шағын орта бизнесте қызмет көрсететін ауыл экономикасының қазіргі замандағы инфрақұрылымын дамытуға қол жеткізудің алғышарттарын жасау атқарылатын жұмыстардың нақтылығы және тиімді негізі болып табылады деп санаймын.

Ауыл аймағында орналасқан кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс ұйымдастыра отырып, өндіріс көлемін ұлғайтуға ықпал жасап, оларды ауылдың әлеуметтік өркендеуіне үлес қосуға тартамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №6 сайлау округінен үміткер Жумабеков Серікхан Қуанышұлының өмірбаяны

Мен, Жумабеков Серікхан Қуанышұлы бұрынғы Ақдүр ауданы, Мойынты станциясында дүниеге келдім. Білімім жоғары. Жезқазған қаласында Бағалау және құрылыс академиясын «Сарапшы бағалаушы» мамандығы бойынша аяқтадым. Отан алдындағы борышымды Алматы облысы, Ұзынағаш ауданындағы Бауыржан Момышұлы атындағы Төтенше жағдайлар агенттігі 28237 әскери бөлімінде 2002-2004 жылдары өтедім. Еңбек жолымды 2005 жылы «Қарағанды жер ғылыми өндірістік орталығы еншілес мемлекеттік кәсіпорыны» Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бойынша «Оператор» болып бастадым. 2007-2013 жылдары Ақтоғай жер кадастры филиалы «Жерге орналастырушы»; 2014-2022 жылдар аралығында жеке кәсібімді дамыттым. Отбасым, балаларым бар.



Сайлауалды бағдарлама

Әрбір адамға жеткілікті өмір сүру жағдайын жасағанда, ертеңгі өмірге сенімін арттырғанда ғана мемлекетіміздің, ауылымыздың гүлденуіне кепілдік беруге болады. Адамға қамқорлық жасау – бұл тек қана экономикалық қажеттілік. Әрбір жасалынатын игілікті іс тек қана адам үшін дейтін уақытқа жетті. Бағдарламадағы ең басты басымдылық халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Құрғақ уәде, жалаң ұрандардан арыла отырып, мандат иегері атану – бұқараның аманатын арқалау. Сондықтан да, сайлауалды науқан барысында тұрғындардың талап-тілектеріне құлақ түріп, жұртшылықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу – қастерлі парыз.

-Кенттегі және одан да жоғары деңгейдегі шешімін күткен күрделі жайттарды, аудан, аймақпен қоса жалпы елімізді дамытуға ықпал ететін ілгері басу тетіктерін зерттеп-зерделуге күш саламын. Қолайлы мүмкіндікті оңтайлы пайдалана отырып, олардың іске қосылуына мүдделілік танытатын боламын.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Шашубай кентінде мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табу жолында еңбек ететін боламын:

- Коммуналдық шаруашылықты жаңғырту. Кенттегі иесіз қалған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жолында жұмыстар атқару. Балқаш қаласындағы ЖЭО жаңғыртылғаннан кейін кентті толық жылумен жабдықтау мәселесін қарастыру;
- Электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету. Кент аумағындағы тозығы жеткен электр желілері мен трансформаторларды ауыстыруға ықпал ету;
- Экология. Ауылды көгалдандыру және кенттің көріз сорғы станциясын коммуналдық меншікке беру немесе жаңадан станция құрылысын бастауды қолдау;
- Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көпбалалы аналарға үнемі көмек көрсетуді бақылауға алу. Халықтың ұсыныстарына қолдау көрсету, оның жүзеге асуына ықпал ету. "ЖОМАРТ ЖҮРЕК" қоғамдық қайырымдылық қорын құруды басшылыққа ала отырып, заңды тіркеуден өткізу, ұйымдастыру;
- Білім беру, спорт саласында жаңадан нысандар салуды және медицина, мәдениет бағытындағы көмектің қолжетімділік деңгейі мен сапасын арттыруды қолдау;
- Жастарға жан-жақты қолдау көрсетуді күшейту. Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;
- Кәсіпкерлікті дамыту. Туризм, балық шаруашылығы салаларының дамуына жан-жақты қолдау жасау. Отандық өнімдер шығаратын жаңа кәсіпорындарға жол ашу. Кәсіпкерлерді мемлекет тарапынан қолдайтын бағдарламалар аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, насихаттау;
- Жер мәселесі. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеке тұрғын үй құрылысын салуда мүмкіндіктерді қарастыра келе, Шашубай кентіндегі Жағалау көпесінің оң жағындағы бос жерлер мен Балқаш қаласы бағытындағы тас жолдың оң жақ беткейіне инфрақұрылым тартқыза отырып, халыққа жер алуға мүмкіндік жасау.

Мемлекет басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыруда аянбай еңбек етіп, ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуда, аймағымыздың экономикасын көтеруде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, белсенді жұмыс жасауымыз қажет. Елімізді өркендетуге, тұрғындарды игілікті істерге бастауға қабілетімді жұмсай отырып, жұмыс жүргізуге бар күш-жігерімді саламын деп сендіремін.

Аталған өзгерістің бәрін жақын арада жүзеге асыруға ниеттімін. Халық қолдауы осы мақсаттарға жетудің басты кепілі болады. Көзделген игі өзгерістерді іске асыруға неғұрлым көп азамат қатысса, нәтижеге соғұрлым тезірек жетеміз!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазтеплотрейд» ЖШС «Қоршаған ортаны қорғау» БӨЛІМІ жобасы бойынша Бірыңғай экологиялық порталда «КВР» маркалы қазандық қондырғыларын жылу өндіруді арттырумен қосу схемасын өзгерту» жұмыс жобасына қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. " б. Ақтоғай Павлодар облысының. Қызметінің бастамашысы - "Қазтеплотрейд" ЖШС, тел: 8 (7152) 42-26-90, ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомольский т/м, Айғаным к-сі, 23 үй, 2 пәтер., БСН: 170340027461, kazteplotreйд@bk.ru. Жобаны өзірлеуші—ЖШС "Elean.kz", Петропавл қ., Ф. Мүсірепов к-сі, 30а, тел: 8 (7152)52-25-59, БСН: 130340021415, Elean_kz@mail.ru/ Құжаттар Бірыңғай экологиялық порталдың <https://ecportal.kz> сайтында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтында орналастырылған. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдауды өткізу, жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату туралы қосымша ақпараттарды +77051619240 телефоны және elean_kz@mail.ru электронды мекен-жайы арқылы алуға болады. Жобаға және жарияланған хаттамаға ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда 2023 жылғы 13 наурыздан 20 наурызға дейін, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қабылданады. Бас маман Теміргалина Әлия, электрондық пошта мекен-жайы: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, тел: 8 (718-2) 32-93-79.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Казтеплотрейд» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале по проекту РАЗДЕЛ «ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ» к рабочему проекту «Изменение схемы подключения котлоагрегатов марки КВр с увеличением выработки теплоэнергии» с. Ақтоғай Павлодарской области.

Инициатор деятельности – ТОО «Казтеплотрейд», тел: 8(7152)42-26-90, РК, г. Астана, район Есиль, ж/м Комсомольский, ул. Айғаным, д.23, кв.2., БИН: 170340027461, kazteplotreйд@bk.ru.

Разработчик проекта – ТОО «Elean.kz», г. Петропавловск, ул. Г.Мусрепова, 30А, тел: 8(7152)52-25-59, БИН: 130340021415, Elean_kz@mail.ru

Проект оценки воздействия на окружающую среду размещен на сайте Единого экологического портала <https://ecportal.kz>, а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, запросов копий документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по тел: +77051619240 и эл.адрес: elean_kz@mail.ru.

Замечания и предложения по проекту и по опубликованному протоколу принимаются на Едином экологическом портале с 13 по 20 марта 2023 года, а также в ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», - главный специалист Теміргалина Әлия, электронный адрес: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, тел: 8 (718-2) 32-93-79.

Хабарландыру

Мәдениет және тілдерді дамыту, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы, ауыл шаруашылығы, дене шынықтыру және спорт, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық төуекелдеріне ішкі талдау ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап жүргізіледі. Ұсыныс-шікірлер 2-11-81 телефоны арқылы қабылданады.

Ақтоғай ауданының әкімдігі.

Шетелдік нөмірді заңдастыруға қатысты жаңа өзгеріс енгізілді

ІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев шетелдік автокөліктерді заңдастыру үшін қажетті заңнамалық өзгерістер енгізілгені туралы Экспресс К. сайтында мәлімдеді.

Қайсар Сұлтанбаевтың айтуынша, 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін өкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыру үшін бастапқы тіркеу мөлшері 200 мың теңге болып бекітілген. Ал өзгерістерге сәйкес көдеге жарату төлемі алынып тасталған.

– 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін ел аумағына өкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін төлем мөлшерін қолданудың және осындай көлік құралдарын өкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін босатудың қағидалары, шарттары мен мерзімдері бекітілді. Ережелер ағымдағы жылдың 23 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді және осы күннен бастап біз шетелдік автокөліктерді заңдастыруға кірістік, – деді Қайсар Сұлтанбаев.

Заңдастыру үшін азаматтар мынандай құжаттарды өткізуі керек:

- Өтініш;
- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;
- көлік құралын тіркеу құжаты;
- көлік құралына меншік құқығын растайтын құжатты өткізуі қажет.

Қ.Сұлтановтың айтуынша, заңдастырылатын автокөліктерге қойылатын негізгі талаптар:

- Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін өкелінген болуы керек;
- іздеуде болмауы тиіс;
- басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша мемлекеттік есептен шығарылған болуы шарт;
- кедендік тазартудан өткен.

Ресми ақпараттарға сүйенсек, үстіміздегі жылдың 23 қаңтарынан 22 ақпанына дейін 40 мыңнан астам көлік заңдастырылған. Тағы 85 мыңнан астам автокөлік алдын ала тексеруден өткізіліп, нөмірлік агрегаттарды салыстыру және одан өрі тіркеу үшін жіберілген. Яғни, бір айда 125 мыңнан астам автокөлік заңдастырылыпты.

Еске алу



Аяулы да ардақты, қимас бауырымыз Зәурханқызы Рымкүлдің өмірден озғанына 40 күн, күйеубаламыз Қазыкенұлы Талғаттың өмірден озғанына 1 жыл толып отыр. Өмір көпші жалғасып жатса да, көңіліміздің түкпірінде, жүрегіміздің төрінде бауырларымызға деген сағынышымыз жүрегімізді сарғайтуды.

«Уақыт емші» десек те, бұл күнде біздің көңілімізде, жүрегіміздің түкпірінде асыл қасиеттерімен сақталған ардақты бауырларымызды сағынышпен еске аламыз. Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медеу тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз. Көрмеген қызығың, жасамаған жасың артынан ерген ұрпақтарына нәсіп етсін. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болып, қабірлеріне Алланың нұры жаусын дейміз.


Бауырларымыздың рухы пейіште шалқып, Алланың шапағатына бөленсін.

Бүгінде жүрмесен де арамызда,
Бәрібір мәңгіліксің санамызда.
Рухыңа арнап дұға бағыштаймыз,
Сағынып өзінді еске аламыз да.

Еске алушылар: ағасы – Серікқазы, бауыры – Серік, апасы – Бақша, сіндісі – Сая, бауырлары.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ-нің ұжымы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Айтбаева Нүргүл мен дене тәрбиесі мұғалімі Түсіпханов Кеңжehanға өкелері Айтбайұлы Жайлаудың қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу



Асқар тау өкеміз Көген Бекмолдаұлының 2013 жылдың наурыз айының 4-і күні 83 жасында фәни жалғаннан бақиға аттанғанына да 10 жылдай уақыт өтіпті. 1930 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының қазіргі Нүркен ауылдық округіне қарасты Бірлестік елді мекенінде дүниеге келген өкеміздің

балалық шағы сұрапыл соғыс тұсында өткен. Бұғанасы қатпаған баланы шындап ерте есейткен де осы қиын уақыт болар. 10 жылдық орта мектепті бітірген соң, Қарағанды қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтқа түсіп, тарих мамандығы бойынша диплом алып, 1953 жылы еңбек жолын Балқаш қаласындағы газетте тілші, мектепте ұстаз болудан бастаған.

1954-1971 жылдар арасында қазіргі Қызыларай ауылдық округіне қарасты Еңбек бөлімшесіндегі сегіз-жылдық мектебінде мұғалім, оқу ісі меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарған.

1971 жылы осы Қызыларай селолық Кеңес төрағасы лауазымына тағайындалуына байланысты, Ақжарық елді мекеніне қоныс аударып, 1996 жылға дейін 25 жыл бойы үздіксіз осы селолық кеңестің төрағасы болып еңбек етті.

Өкеміздің өткен өмір жолы ұрпағына үлгі-өнеге. Өмірі аңыз, көңіл көктем болған өкеміз кеңес үкіметінің солақай саясатына қызмет жасаса да, ел-жұртының мерейін көтере біліп, адал еңбек етті. Қарақан басының қамынан ел-жұртының, қарапайым еңбек адамының мүддесін жоғары қоя білді. Ауыл тынысы мен сол дәуір демін терең түсіне біліп, ғибратты өмір кешті.

Қимастық және сағынып сезіммен қазалы жан өкемізге тыныстаған мекенің жайлы, жаның жәннатта болсын деп тілейміз.

Ұзақ ғұмыр ұрпағына бұйырсын,
Пейіш нұры қабіріңе құйылысын.
Армандар мен ізгі мұраттарыңды ұрпағың еңбілесін!

Еске алушылар: жұбайы – Нәкіжан, ұрпақтары.

Өкемізді еске алу дұғасы Қарағанды қаласы «Күнгей» мейрамханасында 2023 жылдың 4 наурыз күні сағат 14.00-де оқылады.

Еске алу

Ақтоғай ауданының тумасы, жанашыр, ақ-жүрек жан бауырымыз Сыздықов Саят Қалкенұлының өмірден озғанына 9 наурызда бір жыл болады. Манайына мейірім шуағын төгіп, үлкендерімізге балаша еркелеп, кішілерімізге өкеміздей қамқоршы болған қайран бауыр бабалар көшіне ілесіп, қайтпас сапарға аттанды. Аман не, бүгінде сағым бейнесі көңілді құлазытып, жүректі сыздатқан сағынышқа айналды. Аз ғана ғұмырында туған-туыс, құда-жекжат, ағайын ортасына сыйлы, біртоға, байсалды, ерекше жан еді. Бауырымыздың орны ортамызда ойсырап тұрғаны қабырғамызды қайыстырады. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін асыл бауырымыздың жарқын бейнесі жадымыздан ешқашан өшпейді.

Сағына еске алып, топырағы мамық, жатқан жері жарық, жаны жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Пейіштен берсін деймін саған орың,
Нәсіп етсін көруге жұмақ төрің.
Бауырымыз бақұл бол, бірге туған,
Сақталады жүректерде сенің орның.


Сағынышпен еске алушылар: аға-женгелері, бауырлары, келіндері.



Қосымша білім беру

Мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі

Қазіргі уақытта ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен өзгерістер біздің өміріміздегі барлық саланы өзгертіп жатқаны баршаға аян. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру барлық реформаның басты элементі екеніне маңыз берді. Бұл – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, табысты болудың басты кілті. Соның ішінде білім беру, экономика, халыққа қызмет көрсету салаларын цифрландыруға қарқын беру түбегейлі өзгерістерге серпін бермек. Соған орай бүгінде елімізде білім саласында қосымша білім берудің маңызын арттыруға басымдық берілуде. Қосымша білім беру ұйымдарының басым бағыттарының бірі – оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру. Әрине, компьютерлік сауаттылық ғылым, техника, медицина, білім беру және



мәдениет саласының жаңаша қарыштап дамуына өз есерін тигізери анық.

Таяуда Ақтоғай ауданының білім бөліміне қарасты «Қосымша білім беру орталығы» КМҚК-де «Мүмкіндігі көп робототехника және STEM зертханасы» тақырыбында қосымша білім беретін педагогтардың әдістемелік отырысы өтті.

Жиынға К.Байсейітова, Ж.Кеңесбаев, Ә.Бөкейхан атындағы мектептеріндегі ақпараттық технологиялар үйірмесінің жетекшілері қатысты. Әдістемелік отырыстың мақсаты – оқушылардың робототехникаға деген қызығушылықтарын әрі қарай дамытып, баланың өз бетінше ойлап, теорияны практикамен ұштастырып, келешекте мамандық таңдауына бағыт-бағдар беру мақсатында қосымша білім беру педагогтарының атқарып жатқан жұмыстарын саралау. Отырыс барысында аталған үйірме жетекшілері алға қойған жоспарларымен бөлісіп, оқушылардың құрастырған роботтары мен олардың берілген тапсырманы орындау ерекшеліктерін таныстырды.

Жиынды қорытындылаған «Қосымша білім беру орталығы» КМҚК-нің директоры М.Омарбеков: «Елдің болашағы – цифрлы технологияда. STEM лаборатория кабинеттері ашылғаннан бері оқушыларымыз робототехника, инженерлік, STEM олимпиадаларына үзіліссіз қатысып келеді. Осы аз уақыт аралығында оқушыларымыздың жеткен жетістіктері де жетерлік», – деді.

Халқымыздың ойшыл перзенті Шөкәрім Құдайбердіұлының «Құбылған өлем жарысы – ақылды жанның табысы» деген ұлағатты сөзі бар. Әлемде технология көз ілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңарып, даму үстінде. Келешекте елдің байлығы, даму көрсеткіші, халықтың әл-ауқаты жерасты байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергеніне, онымен жұмыс істеу әдетінің қалыптасуына байланысты болмақ. Бұл тұрғыда уақыт талабы мен заман ағымына бейімделген мамандардың бәсі басым болатыны белгілі.

Думан ҚАБЫЛ

Құттықтаймыз!

Құрметті отағасы Түсіпов Асхат Жақсылықұлы!

Ердің жасы – 50 жасқа келген мерейлі сәтіңіз құтты болсын! Өмір көшін біз бірге бастап едік, қалыпсыз сіз де 50 жасқа келіп, ұл-қыз тәрбиелеп, жарыңызды аялап, ата-анаңызды қастерлеп, әкелік, жұбайлық, перзенттік парызыңызды адал атқарып келесіз. Әрдайым шаңырағымыздың тірегі, камқоршысы, отбасымыздың берік дінгеі болдыңыз. Талай асуларды табандылықпен жеңіп, нелер қиындықтарды қажырмен жеңдік. «Елу – тал түс» демей ме? Ендеше, алдағы өмірде де туғанға сыйлы, кейінге үлгі бола беріңіз. Күн жағмыздан көленке, жел жағмызға пана болып жүре беріңіз! Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынаң, көрер қуанышыңыз молынаң болсын дейміз.

Күш-қуат әлі-дағы арта берсін, Жүрегіңіз жақсылықты сарқа берсін. Денсаулық жақсы болып әрқашанда, Жасыңыз 100-ге дейін жете берсін.

Ізгі тілекпен: жұбайы – Ардақ, балалары, немерелері.



Құттықтаймыз!



Ардақ тұтар абзал нағашымыз Түсіпов Асхат Жақсылықұлының ер-азаматтың кемел жасы елуге толуы – біз үшін үлкен қуаныш. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріңе ғана емес, өзін білетін барша жанға сыйлы, беделді нағашымызды ақ ниетімізбен құттықтаймыз!

Сізді туған күніңізбен пын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңызға жетуіңізге тілектеспіз. Сізді тек биіктерден көрейік. Қадамыңызға – гүл, келбетіңізге – нұр, қиялыңызға қанат бітсін, жасыңызға жас қосылсын! Шаңырағыңызға құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманыңыз асқақ, шығар биігіңіз асқаралы болсын! Әрдайым құшағыңыз гүлге, қадамыңыз нұрға тола берсін! Бақытты өмір сүруіңізге пын жүректен тілектеспіз.

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бігер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңызға шаттық орнауын, Төңірдің шексіз қолдауын тілейміз.

Тілерім ашық аспан, жұлдызды түн, Жылдан-жылға жақсарып денсаулығың, Немерелеріңнің қызығын қызықтай бер, Атанып куәгері алпын тойдың.

Ізгі тілекпен: апасы – Ғайни, жиендері.

Хабарландыру

Аудандық «Ақтоғай аяғу» газетінің 20 қаңтар 2023 жылғы №3 (7892) санында жарияланған «Ақтоғай ауданы бойынша 2023 жылдың 06 наурыз күні ұйымдастырылуға тиісті болған «Шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру» жөніндегі конкурстық комиссия отырысын өткізу туралы хабарлама жарамсыз деп танылсын.

Комиссия отырысын өткізудің жаңа мерзімі баспасөзге және интернет порталына қосымша хабарланады.

«Ақтоғай жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

Құттықтаймыз!

Құрметті Түсіпов Асхат Жақсылықұлы!

Сізді келіп жеткен ердің жасы – 50 жас мерейтойыңызбен пын жүректен құттықтаймыз!

Сіз өз ісіңізге жауапкершілікпен қарайтын, тындырымды да тыңғылықты, салмақты да сабырлы азаматсыз. Осы қырыңызбен ұжымда да сыйқұрметке ие болып келесіз.

Сізге бақ-дәулет, ырысыңыз асып, көрер қызығыңыз кемерінен тасып, деніңіз сау болып, ізгі мұраттарыңызға жете беріңіз. Тірлігіңіздің тынысы – бала-шаға қызығын көре беруіңізге тілектеспіз.

50 жас – ердің жасы, Асхатым, Көп болсын той-домалақ барарын. Немере мен шөберенің көп болып, Аман болсын жанындағы Ардағын.

Ақ тілекпен: Пошта ұжымы.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, өріптесіміз құрметті Асхат Жақсылықұлы! Сізді ердің жасы – 50 жасқа келген мерейтойыңызбен пын жүректен құттықтаймыз!

Сізді туған күніңізбен пын жүректен құттықтай отырып, өріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз.

Осы мекемеде 20 жылдан аса еңбек жасап келе жатырсыз. Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, мол бақыт тілейміз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз. Бала-шағаларыңыздың қызығын жан-жарыңызбен бірге көруге Алла нәсіп етсін. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Құтты болсын мерейтой, 50 жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың, Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй, Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Ігі тілекпен: Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы ұжымы.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор міндетін атқарушы: Д.КАБЫЛ

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй.

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

